



11 қыркүйек, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz


https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Бюджетті жоспарлау тәсілдері жетілдірілетін болады



3 «Әр баланың өз несібесі бар»



5 Отыз жылдың жемісі



8 Бар мейірім балаларға



● ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапармен келген Солтүстік Македонияның Сыртқы істер министрі Буяр Османиді қабылдады.

Екіжақты байланыстар нығая түседі

Қасым-Жомарт Тоқаев Буяр Османиге ілтипат білдіре отырып, екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан оның бұл сапарының маңызы зор екенін атап өтті.

– Біздің елдеріміз өзара іс-қимылдарды, атап айтқанда, сауда, инвестиция салаларындағы қатынастарды және гуманитарлық байланыстарды нығайту үшін зор мүмкіндіктерге ие. Сондықтан мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар әлеуетті пайдалану керек. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясында да тығыз ықпалдастық орнатамыз деген үміттеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тетово қаласындағы коронавируспен ауырған науқастар емделетін ауруханада болған өрт салдарынан қаза тапқан адамдардың отбасыларына көңіл айтты.

Кездесуде Мемлекет басшысы Ауғанстандағы ахуалға ерекше назар аударды.

– Ауғанстанға қатысты ұстанымымыз айқын. Халықаралық қоғамдастықтың осындай бетбұрыстар кезінде Ауғанстаннан іргесін аулақ салмай, аталған елге көмек беріп, қолдау көрсетуі қажет деп есептейміз. Біз Ауғанстанның уақытша жаңа үкіметін инклюзивті, барлық этникалық топтар мен қоғамдық-саяси күштердің мүддесін құрметтейді деп үміттенеміз. Қазіргі Ауғанстан үкіметі адам құқықтарын, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттемелерін орындап, халықаралық қауымдастықты жаһандық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін терроризмнің, зансыз есірткі айналымының таралуынан және басқа да қиындықтардан қорғау үшін нақты шаралар қабылдайтынына үміт арттамыз. Сонымен қатар Қазақстан үкіметі Ауғанстан үкіметімен конструктивті іскерлік байланыстарды, әсіресе сауда және гуманитарлық ынтымақтастық салаларындағы қатынастарды орнатуға дайын. Өйткені бұл салалар бойынша екі ел арасында дәстүрлі тығыз байланыс бар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанда тұратын қазақстандықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы екеніне тоқталды. Ол Буяр Османиге Қазақстан азаматтары мен этникалық қазақтарды өз отанына қайтару жөнінде, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың халықаралық ұйымдар қызметкерлерін, оның ішінде БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек беру жөніндегі миссиясын эвакуациялау жұмыстарына көмектесу жөнінде қабылдаған шаралары туралы айтты.

Өз кезегінде Буяр Османиді кездесуге мүмкіндік бергені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, екі ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жасаған сапарының символдық мәні бар екенін атап өтті.

– Менің Қазақстанға сапарым біздің мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды жаңа белеске шығарады деген сенімдемін. Біз екіжақты байланыстарды тереңдетуге және нығайтуға мүдделіміз, – деді македониялық дипломат.

Кездесуде Ауғанстан бағыты бойынша халықаралық әдістерді жұмылдыруда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің басымдығына ие екені атап өтілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады.

Ұлттық банк төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасының биылғы 8 айдағы ақша-кредит саясатын іске асырудың алдын ала қорытындысы жөнінде, сондай-ақ әлем экономикасының қайта қалпына келу барысында инфляциялық қатердің күшейе түскені туралы есебін тыңдады.

Президентке Үкіметпен бірлесіп бекітілген инфляцияға қарсы шаралар мен оны жүзеге асырудың негізгі бағыттары, сондай-ақ биылғы инфляцияның жаңартылған болжамдары туралы баяндалды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықтың табысы мен тұтыну деңгейінің артуына ықпал ететін Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің арта түскені жөнінде және Президенттің дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру барысы туралы мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына Қазақстанның жалпы халықаралық резервтерінің биылғы 8 айда 93,7 миллиард долларға дейін ұлғайғаны және Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 2,3 миллиард долларға дейін өскені туралы алдын ала деректер ұсынылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев инфляцияның монетарлық емес факторларын төмендетуге және халықаралық нарықтардағы құбылмалылықтың арту жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге баса мән беруді тапсырды.

ӘБІЛДАШЕВТЕР ӘУЛЕТІ – ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен Отбасы күні аясында кеше «Meriili otbasy - 2021» ұлттық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты шара эпидемиологиялық ахуалға байланысты Нұр-Сұлтан қаласынан тікелей қосылым арқылы өтті. Шарада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев тікелей қосылым арқылы үздік деп танылған 17 отбасыға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқып берді.

Онлайн шара барысында өнегелі отбасылар туралы әзірленген бейнероликтер көрсетілді.



Алдағы уақытта үлгілі шаңырақ иелері туралы арнайы фильм көпшіліктің назарына ұсынылатын болады.

Тікелей көрсетілім барысында әр өңірдің басшылары «Meriili

отбасы» атанған әулеттерді құттықтады.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өнегесімен үлгі болған Әбілдашевтер отбасына Мемлекет басшысының дипло-

мын, арнайы статутка мен сыйлық сертификаттарын табыстады. Аймақ басшысы мерейлі отбасыға ұлттық құндылықтарды насихаттап, Отанның отбасынан басталатынын дәлелдегені үшін өзінің ризашылығын білдіріп, табыс тіледі.

Бұған дейін аймақтық конкурстың бас жүлдесін иеленген шиелілік Әбілдашевтердің өнегелі өмірі көпке үлгі. Ұзақ жылдар бойы аймақтың ауыл шаруашылығы саласына сүбелі үлес қосқан. Шазат Әбілдашев пен Шырын Әбілдашеваның отау құрғанына 59 жыл болған. Бүгінде 10 баласынан 42 немере мен 12 шөбере сүйіп, бейнеттерінің зейнетін көріп отыр. Үлкен ұлы Нұрман Әбілдашев республикаға белгілі ғалым-агроном. Жылжықайда көкөніс өсірумен айналысады. 7 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Байқаудың мақсаты – өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін қалыптастыру әрі үгіттеу. Байқауға еңбекте, спортта, шығармашылықта, зияткерлік салада, ғылымда немесе өзге де салаларда жоғары жетістіктерге жеткен өнегелі отбасылар қатыса алады.

Биыл жетінші рет ұйымдастырылған сайыстың қатысушылары жыл өткен сайын артып келеді. 2014 жылдан бері конкурста қатысуға 1500-ден астам жанұя өтімін берген. Биылдың өзінде сырбойлық 182 отбасы бағын сынады.

Бүгінде облыста 141 мыңнан аса отбасы бар. 47 мыңнан астам көпбалалы ағаның 2109-ы Батыр ана. Аймақта 5 мыңға жуық «Алтын алқа», 10 мыңнан аса «Күміс алқа» иегері бар.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Дәстүрлі өнер дүлдүлі ұсыныстарымен бөлісті

Бейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жырау, фольклортанушы, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Алмасбек Алматыевпен кездесті. Халқымыздың жыраулық, жыршылық өнерінің дамуына айрықша үлес қосып келе жатқан белгілі өнер өкілі өзінің шығармашылық жұмыстары мен өңірімдегі жыраулық дәстүрдің дамуы, жастарды ұлттық өнерге баулу жайлы өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Аймақ басшысы фольклортанушының шығармашылығын жоғары бағалап, қазақ өнерінің дамуына қосып жүрген сүбелі үлесін ерекше атап өтті. Алмасбек Алматыев облыс әкіміне Қызылорда қаласында «Түркі халықтарының өнер академиясын» ашу және «Қорқыт ата: жыр керуені» атты 2 томдық аудио-видеоэнциклопедия шығару туралы ұсынысын жеткізді.

Айта кетейік, Қорқыт мұраларын алыс-жақын шет елдерге насихаттау мақсатында «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымымен бірлесіп өткізілетін халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен 2006 жылы алғаш рет Сыр елінде ұйымдастырылған болатын. Бұл үш жылда бір рет дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Халықаралық деңгейдегі өнер мерекесіне Түркия, Әзербайжан, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясының Татарстан, Башқұртстан, Саха елдері мен республикамыздың әр өңірінен түркітанушы, өнер зерттеуші белгілі ғалымдар мен өнер иелері, жергілікті өнерпаздар қатысып келеді. Аталған фестивальді санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тұрақталған жағдайда, 2022 жылдың қыркүйек айында ұйымдастыру жоспарлануда.

Облыс әкімі жырау айтқан идеялардың маңызды әрі уақытында көтерілгендігін алға тартып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына тиісті жұмыстарды үйлестіруді тапсырды.

– Осы тұрғыда түркітілдес, бауырлас халықтар достығының шығармашылық зертханасын қалыптастырып, халықаралық деңгейдегі дәстүрлі өнер сала-



сының оқу-ағарту және ғылыми орталығына айналуы мақсат тұтағын Академия ашу ұсынысыңыз маңызды және уақытында көтеріліп отыр. Академияны ашудың алғашқы қадамы ретінде Қызылорда қаласынан дәстүрлі өнер орталығын ашып, сол орталықты өзіңіз білім-тәжірибенің басқарсаңыз, Сыр өңіріндегі дәстүрлі өнердің болашағы мен келешегінің жарқын көрінісі болары анық. Екінші ұсынысыңыз бойынша,

Сыр сүлейлерінің мұраларын жинақтап, аудиоэнциклопедия етіп шығару арқылы біз болашақ ұрпаққа үлкен құнды дүние аманаттаймыз. Сондықтан уақытында көтеріліп отырған мәселе деп ойлаймын, – деді облыс әкімі.

Кездесу соңында аймақ басшысы адамзаттың рухани мұрасын зерттеп, оны ұрпақ игілігіне асыру жолында еңбек етіп келетін Алмасбек Алматыевқа Сыр халқы атынан алғысын білдірді.

● ПИКИР-ПАЙМ

Қуатты сөзімен қанаттандырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа арнаған Жолдауы Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретінде қуатты арттыра түсетін басты әрі айқын мақсаттарға негізделіп жасалды. Саяси құжат өзіндік нақты жоспардан, жарқын болашаққа бағытталған ойлы мәселелері және бір мүддеге тоғысқан терең түсініктен тұрады. Президент еліміздің ертені үшін өзекті шешімдер қабылдап, халықты қуатты сөзімен қанаттандырды.

Мемлекет басшысы құзырлы министрлік алдында оқу бағдарламаларын жана жағдайға бейімдеу міндеті тұрғанын айтты. Себебі, пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті. Сондықтан шұғыл аппараттық жүйенің сапасын жақсартуды тапсырды.

Сонымен бірге, жағымды жаңалықтарды – биылғы жылы бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жүлдегерлері атанғанын, дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін, арнайы гранттар мен біртұтас сыйақылар берудің маңыздылығын атады. Президенттің дарынды балаларды қолдау туралы айтылған әрбір тапсырмасы өте құнды деп есептеймін. Сыр елінде дарынды, талантты шәкірттерін және олардың ұстаздарын қолдау бірлестігі қалыптасқан. Дегенмен, алдағы уақытта ол шаралардың бұрынғыдан да жанданатынын атап өткім келеді.

Сонымен қатар білім саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейтетінін, қабылданған шаралар өз жемісін беріп жатқанын, педагогикалық мамандықтарға оқуға түскендердің орташа балы күрт өскенін айтып өтті. Мұғалімдер шәкірт бойына жана білім сипіре алатын нағыз ағартушы болуы үшін 5 жыл емес, 3 жыл сайын қайта даярлықтан өту қажеттігін атады. Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды деп, материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтыруды тапсырды.

Мемлекет басшысы белгілеген бес бастама негізінде ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарайтын кез келгенін айтып, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Сонымен қатар мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқа да санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсітінін айтты. Нәтижесінде, 600 мың отандасмыз бұл бастаманың игілігін көреді.

Жолдау – әрбір азаматтық қызметкердің кәсібіне деген ынтық арттырып, тиісінше жауапкершілігін еселей түсті. Президент жетінші шақырылымдағы депутаттарға әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындау қажеттігін, халықты мүддесін қорғау үшін әрдайым табандылық таныту керектігін айтып, жауапты қызметтеріне сәттілік тіледі.

Елдің болашағын ойлап, қызметкерлердің материалдық жағдайын жақсартып, олардың мәртебесін көтеру бағытындағы барлық қолдауға қатысты шаралардың үздіксіз жүргізіле беруі тиістігін құптаймын. Мемлекет басшысының ел үшін жасап жатқан игі ісін бірлесіп жалғап, жарқын болашаққа бірге барамыз деп сенемін.

Гүлнар ЕСҚАЛИЕВА,
облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі,
Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы

Игілік жолындағы серпілік

Тәуелсіздік – біздің басты құндылығымыз. Биыл егемен ел болғанмызға 30 жыл толып отыр. Бұл жылдар ішінде біртұтас ел, әлемге танымал болғанмызды еске алсақ, мақтаныш сезімі бойды билейді. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Әлем сахнасында көгілдір түсті Қазақ Туы биіктен көрінеді. Тұрақты даму жолына түстік.

Бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық, тұрмыс саласының жақсаруы, әр азаматтың болашаққа деген сенімін нығайта түсіп, игілік жолында үлкен серпілік туғызып отыр. Экономикалық дамуға үлкен үлесі бар.

Медицина саласы мен білім беруге кең жол ашығалы тұр. Жастардың оқу орнына түсуі үшін дарынды балаларды қолдау, олардың оқуға түсуі үшін үлкен конкурстан тыс гранттар бөлу ұлғаймақ. Ал, ұстаздарға моральдық және материалдық ынталандыруға бетбұрыс басталатынын Мемлекет басшысы Жолдауда үлкен сеніммен айтты.

Алдағы жылдары ең төменгі жалақы деңгейі көтерілгелі тұр. Біздің 600 мыңдай отандасмыз бұл бастаманың игілігін көретін күні алыс емес. Сыр өңірінде бір су қоймасының салынуы егіншілік өрісін кеңейтудің даңғал жолы болмақ.

Биылғы Жолдау бізді тынымсыз еңбекке, ұдайы ізденіске шақырып отыр. Сондықтан бар береке бастауы бірлік пен ынтымақ екенін әрбір азамат сезінуі керек.

Сыр өңірінң жұртшылығы қайнаған еңбек құшағында. Суармалы егіншіліктегі қиыншылықтарды жеңе отырып, күзгі егінтерміді жинап алуға жұмылда. Берекелі гектарлардан мол өнім түсе бастады.

Жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізіне айнала береді. Бұл бағыт – ертеңгі күннің одан әрі саулетті боларының жарқын сенімі.

Мұрат АЙКӨПЕШОВ,
инженер

● ТАҒАЙЫНДАУ

Облыс әкімінің аппараты басшысының орынбасары

Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының бұйрығымен облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметіне Бәкіров Ерлан Әмірханұлы тағайындалды.

Ерлан Бәкіров 1984 жылы туған. Қазақ гуманитарлық заң университеті мен «Болашақ» университетін заңгер, экономист мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2004-2005 жылдары «Раим» ЖШС-да заңгер болып бастаған. 2005-2006 жылдар аралығында облыстық табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаментінің жетекшісі маманы.

2006-2016 жылдары облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің жетекшісі маманы, бас инспекторы, кадр жұмысы бөлімінің басшысы.

2016-2020 жылдары облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары, 2020 жылғы маусым айынан бастап осы кезге дейін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.



Кезектен тыс сессия

Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов төрағалық еткен сессияға депутаттар, облыстық мәслихат аппаратының басшысы және аппарат қызметкерлері қатысты. Ал, аудандық мәслихат депутаттары бейнеконференция арқылы қосылды.

Күн тәртібінде облыстық тексеру комиссиясы төрағасының өкілеттігіне және облыстық сайлау комиссиясының құрамына өзгеріс енгізуге қатысты мәселелер қаралды. Сессия төрағасы Наурызбай Байқадамов хабарлама жасап, облыстық мәслихаттың 2018 жылғы №236 шешімімен облыстық тексеру комиссиясы мемлекеттік мекемесінің төрағасы болып тағайындалған Сәуле Ибрагимқызының зейнеткерлік жасқа толуына орай қызмет мерзімін бір жылға, яғни келер жылдың 17 тамызына дейін узарту туралы шешім жобасын назарға ала отырып, ашық дауыс беру арқылы сайлауды ұсынды. Сонымен қатар облыстық мәслихаттың 2019 жылғы №290 шешіміне сәйкес, «Туған жер» қоғамдық қозғалысының ұсынылған Еркін Тұрабаев басқа қызметке ауысуына байланысты комиссия құрамынан өз еркімен шықты.

Жиын соңында депутаттар ұсыныстарды қолдайтынын жеткізіп, шешім жобасын бірауыздан бекітті.

М.СНАДИН

● СҰХБАТ

Мемлекеттік қаржы жүйесінің толыққанды қызмет атқаруы көп жағдайда бюджет саясатын тиімді жүргізумен сабақтас. Бұл орайда қаржы-тексеруші, бақылаушы органдарға айрықша міндет жүктеледі. Қазақстан Президентінің кешегі Жолдауында мемлекет қаржысын жұмсау тиімділігін арттыру жөнінде атқарушы билікке тиісті тапсырмалар берілді.

Газет тілшісінің облыстық тексеру комиссиясының төрағасы Сәуле Құлмбетовамен әңгімесі маңызды сұрақтардың біріне өзекті мәселелеріне арналады.

– Сәуле Ибрагимқызы, әңгіме-мізді мемлекет басшысының Жолдауынан бастауды жөн көріп отырмын. Өзіңізге мәлім, Президент Жолдауда қазына қаржысын тиімді пайдалану қажеттігін атап көрсетті. Әсіресе, жобалардың сметалық құнын артық көрсету өткір проблемаға айналғанын, оның ішінде бұл келесіздік көптеген салаларды қамтып отырғанына алаңдаушылық білдірген болатын. Жалпы мемлекеттік маңызды саяси құжатқа қатысты не айтар едіңіз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялап, Қазақстанның алдағы даму стратегиясын айқындап берді. Онда пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, халықты сапалы біліммен қамтуға, өңірлік саясатты жетілдіруге, оның ішінде мемлекет қаржысын тиімді жұмсауға байланысты атқарушы билікке маңызды міндеттер жүктелді. Қысқасы, ел өмірінің барлық салалары қамтылған күлдік болғанын атап өткім келеді. Енді сіздің сауалыңызға қатысты мәселеге тоқталайын.

Президент бұл орайда қолданыстағы нормативтік база мен тәжірибені өте қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта қарау керектігін атап көрсетті. Менің ойымша, осының барлығы тиісті мамандардың псыхастауымен жүзеге асырылатын мәселелер қатарына жатады. Жасаратыны жоқ, мұндай проблемалар бар. Бұл орайда тиісті тапсырмалар берілді. Үкімет пен Есеп комитеті осыған орай ұсыныстар дайындайтын болады.

Бұдан шығатын қорытынды, тексеру комиссиясы қаржылық тәртіпті нығайту және Қызылорда облысы бойынша экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жалғастыратын болады. Атап өту керек, қаржы жүйесін одан әрі жетілдірудің маңызды қадамдары жасалып жатыр. Осының барлығы өмірдің өзі туғызып талаптар жиынтығын құрайды.

– Сізбен газет бетінде сұхбаттасқанымызға жылдан астам уақыт болыпты. Содан бері әлемде көптеген өзгерістер болды. Пандемия салдарынан толыққанды айыға алмай жатқан жасағаймыз бар. Дегенмен, дағдарыстан кейін дамудың басталатыны секілді оң өзгерістерді байқаймыз. Экономика біріндеп сауығып келеді. Болжам бойынша 2021 жылдың соңына қарай Қазақстан, оның ішінде Сыр экономикасы өзінің 2019 жылғы деңгейіне жетеді деген болжам бар. Атап айтқанда, қазір мұнай өндіру көлемін арттыру жөнінде ОПЕК иешімі де бізге қолайлы болып тұр. Сонымен осы жылдың бірінші жартыжылдығының жұмыс барысы не көрсетті? Аудиторлық қызмет туралы не айтар едіңіз?

– Сауалыңызда өзіңіз атап көрсеткеніндей, өткен жылы және биылғы жылы бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан экономикасы үшін де үлкен сындарлы, сынақ



«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру облыстық Жол картасындағы «Әлеуметтік бағдарланған аймақ» тарауының «Білім саласын жаңарту» және «Жастарға арналған аймақ» бағыттары аясында 16 индикаторлы іске асыру көзделген. Сегіз ай қорытындысы бойынша олардың 10-ы орындалған. Бұл туралы «Nur Otan» партиясының «Білім мен ғылымды дамыту» жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес отырысында айтылды.

Әлеуметтік бағдарланудың бағыты қандай?

Жиында партияның облыстық филиалы жанындағы «Білім мен ғылымды дамыту» жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Бауыржан Елеусінов аталған бағыт бойынша жүзеге асырылған жұмыстарға тоқталды.

Жаңа оқу жылында «Саяхат» шағын ауданында 300, «Шұғыла» шағын ауданында 100 орындық мектептер іске қосылса, Қызылорда қаласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 320 орындық жекеменшік, Ақсуат ауылында 1 мемлекеттік, Арал және Сырдария аудандарында 40 орындық

жеке балабақшалар ашылған. Сондай-ақ 1 мен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуға 81%-ке дейін артыру жоспарланған болса, қазір 1-6 жастағы балалардың қамтылуы 82,4% құрап отыр.

Орта арнаулы оқу орындарында мемлекеттік тапсырыспен білім алушы 12553 студенттің 2272-сі дуалды оқытумен қамтылып, көрсеткіш 20 пайызды құрады. Бұл бағытта биылға жоспарланған индикатор толығымен орындалып отыр.



БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ ТӘСІЛДЕРІ ЖЕТІЛДІРЕТІН БОЛАДЫ

кезеңі болды. Оның қаншалықты қиыншылық әкелгенін бірамыз күнделікті өмірімізден байқап, біліп отырмыз. Дегенмен, Мемлекет басшысының өткен жылы шұғыл шаралар кешенін қабылдауының нәтижесінде және сол іс-шаралардың үстемізіндегі жылы да жалғасуының арқасында еліміздің экономикасы ауыр кезеңтен шайқалмастан біршама тұрақтылықпен өтуде.

Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртетін болсақ, осы жылдың бірінші жартыжылдығында Сыр өңірінің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда едәуір өсіміз болғанын байқауымызға болады. Бірақ, әлемдік ауқымдағы сыртқы әсерлердің аймақ экономикасының толыққанды өз дәрежесінде жұмыс жасауына біршама тосқауыл болып отырғанын естен шығармау керек.

Шынын айтқанда, дағдарыс жағдайында жұмыс істеудің өз тәртібі бар. Бұл орайда облыстың тексеруші органдары карантин тәртібін сақтай отырып, өзіне тиесілі белгілеген міндеттері аясында қызмет атқарды. Жалпы мемлекеттік аудиттің мақсаты – бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыруды көздейді десек, тексеру комиссиясының негізгі міндеті – жергілікті бюджеттердің атқарылуына сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыру болып табылады.

Демек, сыртқы мемлекеттік аудит халықтың өмір сүру жағдайы сапасының серпінді өсуін және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаржы және басқалдай ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру және заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Үстемізіндегі жылдың бірінші жартыжылдығында 12 аудиторлық іс-шара жүргізіліп, онда мемлекеттік аудитпен жалпы қаражат көлемі 24,2 млрд теңге болатын

принциптерін жатқызуға болады.

Жоғарыда айтып өткенімдей, жалпы 2021 жылғы бірінші жартыжылдықта бұзушылықтар бойынша қалпына келтіруге және өтеуге жататын сома – 1,1 млрд теңгені құраса, 2020 жылдың тиісті кезеңінде 7,9 млрд теңге құраған болатын. Салыстыратын болсақ, бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің қызметінде бюджетті атқару кезінде алға ілгерілеушілік, яғни заңнама нормалары бұзушылықтарының төмендеу үрдісі байқалады. Мұның себебі неде деген сауалға, біріншіден, заңнаманың уақыт өте жетілдірілуі, соған байланысты де-юре мен де-фактоның практика жүзінде жақындасып, үйлесуінде болса, екіншіден, жергілікті атқарушы органдардың қаржы мәдениетіне ден қоюы, бюджеттің жоспарлау, атқару мәселелеріне бірінші кезекте мән берілуі, үшіншіден, аудит пен қаржылық бақылаудың ден қою шараларын өз дәрежесінде атқаруында деп айта аламын.

Оған дәлел ретінде, келесі мәліметтерді келтірейін. Бұзушылықтарға жол бергені үшін 2021 жылғы бірінші жартыжылдықта 116 лауазымды тұлға, соның ішінде, тәртіптік жауапкершілікке – 59 тұлға, әкімшілік жауапкершілікке – 57 тұлға, оның 43 «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапкершілік қолданылса, 14 кінәлі тұлғаға 1,9 млн теңге әкімшілік айыппұл салынған, ал 2020 жылғы бірінші жартыжылдықта 338 лауазымды тұлға, соның ішінде, тәртіптік жауапкершілікке – 67 тұлға, әкімшілік жауапкершілікке – 271 тұлға тартылып, 1,5 млн теңге әкімшілік айыппұл салынған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және немесе қарауға уәкілеттілік берілген органдарға ағымдағы жылдың 6 айы мен 2020 жылдың 6 айында жолданған аудит материалдарын салыстырмалы түрде қарайтын болсақ 214 материалға немесе 4,5 есеге азайғанын байқауға болады.

– Сәуле Ибрагимқызы, қазір жұртшылық пікірінде барлық салада білікті мамандардың тапшылығы жөнінде әңгіме айтылды. Қазақта «Жел тұрмаса шоптің басы қимылдамайды» деген сөз бар. Демек, бекем айтылмаған ғой. Бұл орайда, өзіңіз басқарған салада нендей шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Қазақстан Республикасының Туңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2011 жылғы өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы Жарлығына сәйкес аймақтарда тексеру комиссиялары құрылып, Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының штатында 33 мемлекеттік қызметші бірлігі бекітіліп берілген болатын.

Тексеру комиссиясы мемлекеттік аудит жүйесінде адами капиталды дамытуға ерекше назар аударып келеді. Қазіргі таңда 23 қызметкер біліктілігін арттырып, 26 қызметкерге «Мемлекеттік аудитор» біліктілік дәрежесі, оның 16-на «Жоғары санатты мемлекеттік аудитор» біліктілігі берілген. Мемлекеттік аудиторлардың жоғары білікті корпусын қалыптастыру мақсатында 2020 жылдың тамызынан бастап «CIPFA public auditor, Dip-IPSAS» халықаралық дәрежелі аудитор біліктілігі бар Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторларының жалақылары жоғарылады.

Тексеру комиссиясы жұмысының транспаренттілігін, ашықтығына ерекше назар аударылуға. Аудиторлардың нәтижелері – тексеру комиссиясының ресми сайтында орналастырылады, сайт пайдаланушыларымен кері байланыс үнемі жұмыс жасайды.

Әңгімелескен
Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

● ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

Өнегелі отбасы – елдің тірегі

Ғасырлар бойы халқымыз «Отан отбасынан басталады» деген ұғымның тамырын терендетіп, ұрпағының ұлттық тәрбие мен рухани құндылықты бойына сіңіріп өсуіне ерекше мән берген. Өйткені, мәртебесі биік, мұраты асқақ мемлекет қашанда берекелі отбасынан құралады. Мейірім мен жанашырлық, татулық пен түсіністік орнаған шаңырақта ел дегенде елгеzekтік танытатын, рухы мықты ұрпақ өсіп-жетіледі. Бастысы, мұндай отбасылар бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырады.

Серік АХМЕТ,
облыс әкімінің орынбасары

Қоғамның дінгегі мен темірқазығы отбасы десек, еліміздегі әрбір шаңырақтың шайқалмауына, балалардың бүтін отбасында өсуіне әр адам мүдделі болуы қажет. Бүгінгідей ақпараттар алмасып, материалдық құндылықтар алға шыққан уақытта көптеген елдерде отбасы институтының әлсірегені белгілі. Ал, еңсесі биік ел қалыптастырамыз десек, ұрпағының бойына ұлтының салт-санасын сіңіріп, адал еңбекке баулып, ұлын имандылыққа, қызын инабаттылыққа шақырып, аталы сөзі елінді, кесімді сөзі келінді тәрбиелейтін халқымыздың ұлағат мектебінен айнымауымыз қажет. Әйтпесе, екіге бөлінген әрбір неке қоғамда қанағаттың азайып, бұрынғы тәрбиенің көмескіленіп, жанашырлық, кешірім сұрау мәдениетінің азайғанын дәлелдейтін белгілі.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының тұңғыш жеңімпаздарын марапаттау салтанатында сөйлеген сөзінде ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «XXI ғасырдың ортасында отбасылардың басым көпшілігі молшылықта, мамыражай өмір сүріп, балаларын тәрбиелеуді, оларға сапалы білім беруді басты мұрат ететін, аға буынға қамқорлық танытып, саламатты оғи салтын ұстанатын елдер ең дамыған мемлекеттер болатынын» атап көрсетті. Бүгінгідей ғылым мен техника қанат жайған уақытта болашаққа саналы қадам жасайтын, үлкен жауапкершілікпен отбасын құратын ел тұрғындарының көп болуы аса маңызды.

Облыста 141 мыңнан аса отбасы болса, оның ішінде 47 мыңға жуығы – көпбалалы отбасы. Ал, шаңырақты сәби күлкісіне толтырып, жан-жағына мейірілі шуағын шаққан «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлерінің саны – 16695.

Елімізде отбасылық құндылықтарды тереңдету, білімді ұрпақ өсіру, аға буының қамсыз қарттығына қолдау көрсету, ана мен баланың құқығын қорғау, әрбір шаңырақтың берекелі өмір сүруін қамтамасыз ету бағытында ауқымды істер атқарылууда. Аймақта 10617 отбасы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылған. Олардың қатарындағы еңбекке жарамды жастағы 2361 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысады. (1025-і тұрақты жұмысқа орналастырылды, 1211-і қоғамдық, 7-уі әлеуметтік жұмыс орындарына, 22-сі жастар тәжірибесіне жолданды, кәсіпкерлікті қолдауға – 96 адам). Тұрғын үй көмегін көрсетуге 543,6 млн теңге қаражат қаралып, 4083 отбасыға (13755 адам) төленді (169,4 млн теңге).

Қызылорда облысында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік Тұжырымдаманы іске асыру бойынша және Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы аясында облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген.

Осы жұмыстарды үйлестіруде мемлекеттік органдармен қатар азаматтық қоғам институттарының рөлі ерекше. Облыста әйелдер жұрттың отбасы мәселелерімен айналысатын 25 үкіметтік емес ұйым бар. Оның ішінде комиссиямен тығыз байланыста жұмыс жасайтын облыстық әйелдер кеңесі, «Бойтұмар ханым», «Кесер әйелдер қауымдастығы», «Сыр аналары» қоғамдық бірлестігі, «Аналар кеңесін» ерекше атап өтуге болады.



Әдетте, екі әулеттің үміті болып, отау құрған жастардың көп ұзамай-ақ екіге бөлініп, бар қиындықтан құтылуы ең тиімді жолы ажырасу деп білуі – ауыр да аса маңызды мәселе. Биылғы 6 айда 2499 отбасы некеге тұрса, 638 ажырасу фактісі тіркеліп, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 29,3 пайызға азайған. Бұл көрсеткіштен осы бағытта атқарылған шаралардың нәтижесін көруге болады.

Атап айтсақ, отбасы құндылықтарын дәріптеу және кеңінен насихаттау мақсатында барлық аудандар мен Қызылорда қаласында ардагерлер, әйелдер және әжелер кеңестерімен бірлескен 8 іс-шара жоспары бекітілген.

Комиссия мүшелері және «Бойтұмар ханым» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен облыста әйел-аналарымыздың отбасы тәрбиесіндегі орны, ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында «Ақ ормал» жобасы іске асырылды. Жоба аясында 40-тан аса кездесу ұйымдастырылып, оған 300-ден аса әйел-ана қатыстырылды. Жоба «Қазақстанның іскер әйелдері» қауымдастығы тарапынан қолдау тауып, алдағы уақытта республика көлемінде жүзеге асыру жоспарлануда.

Отбасы құндылығын қадірлеуді мектеп партасынан бастау да маңызды. Оқушыларды өнегелі шаңырақ иелерімен, белгілі тұлғалармен сұхбаттастырып, кездесу ұйымдастыру арқылы олардың ойында жарқын болашақ, мерейлі отбасының үлгісін қалыптастыруға болады.

Комиссияның қолдауымен пилоттық негізде Қызылорда қаласындағы №140 мектепте «Отбасы мектебі» жобасы іске қосылды. Жоба барысында өткізілген шараларға қала мектептерінің 2000-нан аса оқушысы қатыстырылып, 30-дан аса дәріс өткізілді. Қорытындысы бойынша «Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты облыстық қыздар форумы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, әкелердің қоғамдағы беделін арттыру мақсатында барлық аудандарда «Әке болу оңай ма?!» тақырыбында 11 кездесу, 7 пікір алмасу, 14 дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Облыстағы 294 мектепте әкелер кеңесі құрылды.

Өнегелі шаңырақтарды үлгі еткен, мазмұны, тәрбиелік тұрғыдан өзгеше ауқымды жоба «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық, қалалық кезеңдері өткізіліп, оған 200-ден аса отбасы қатысты. Оның 16-сы облыстық кезеңге жолдама алып, 8 жеңімпаз анықталды.

Қазір отбасы немесе карьераның бірін таңдау қажет деген түсінік бар жастар арасында. Сондықтан қызметпен қоса отбасын қатар алып жүрудегі тәжірибелермен бөлісу және кез келген салада жетістікке жету мүмкіндігінің бар екендігін түсіндіру мақсатында комиссия мүшелерінің ұйымдастыруымен «Отбасы және мансап» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Одан бөлек, жастар арасында отбасылық

құндылықтарды насихаттау мақсатында студенттермен «Көшбасшылық және отбасы» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге қоғамда беделге ие тұлғалар өз қызметтік міндеттерімен қоса отбасындағы қарым-қатынас, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі ұстанымдарымен бөлісті.

Халықаралық отбасы күні мерекесі аясында 100-ге жуық шара өтіп, «Жас отбасылар клубы» құрылды. «Тату отбасы» марафоны, «Үздік келін», «Ақ бата» байқаулары, «Жеті ата» челленджи өткізілді.

Облыстық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Асыл әжем» эсселер байқауы өткізіліп, 100-ге жуық адам қатысты. Сонымен қатар, бесік жырын насихаттау мақсатында «Ана әлді» атты бейнероликтер байқауы ұйымдастырылып, 30-дан аса жас ана игі дәстүрімізді жаңғыртты.

Шараларды ақпараттандыру бойынша медиа-жоспар бекітіліп, облыс бойынша 32 билборд ілініп, жергілікті басылымдарда 87, телеарналарда 95, әлеуметтік желілерде 200-ден аса хабарлама мен мақала жарияланды.

Түсіністік пен мейірім үстемдік құрған отбасылар қашанда үлгі саналғанымен, қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бала елдің болашағы десек, бүгінде мұндай отбасылардағы бала тәрбиесі, оның қазақы болмысы сынға ұшырап жататыны да жасырын емес.

Осы жылдың наурыз айында бұл бағыттағы мәселелерді қарау үшін облыс әкімінің қатысуымен штаб отырысы өткізілді. Одан бөлек, Қызылорда облысын республикалық «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» пилоттық жобасындағы өңірлер қатарына енгізу туралы шешім қабылданды.

Биылғы жылдың 6 айында облыс көлемінде әйелдерге қатысты орын алған 24 қылмыстық әрекет тіркеліп, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 14,3 пайызға төмендеген. Отбасында жанжал шығарған 897 адам профилактикалық есепке алынып (2020 – 989), оның 603-не қорғау нұсқамасы шығарылып (2020 – 716), 125-не ерекше талап орнатылды (2020 – 128).

Облыста 2017 жылдан бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген жандарды қолдау мақсатында «Қамқорлық» дағдарыс орталығы жұмыс жасайды. Сондай-ақ, отбасылық қарым-қатынастар саласындағы мәселелер бойынша сенім телефоны бар.

Биыл 21-30 маусым аралығында жергілікті полиция қызметінің ұйымдастыруымен «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол ЖОҚ» атты акция өткізілді. Акция барысында облыстық жергілікті атқарушы органдар, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау органдары, үкіметтік емес ұйым өкілдерінің бірлесуімен жұмысшы тобы құрылып, 850 отбасы тұрғылықты мекенжайы бойынша тексерілді.

Жастар арасында ақпарат-насихат жұмыстары жүргізіліп, адамдар көп шоғырланатын жерлерде (темір жол бекеттері, аялдамалар, сауда орталықтары, ломбардтар, т.б.) 5000 ақпараттық ұнпарақ таратылды.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын жүргізуге облыс бойынша 474 психолог, 210 әлеуметтік педагог жұмылдырылған.

Көрсетілген шараларды ақпараттандыру мақсатында медиа-жоспарлар бекітілді. Аудан, қала орталықтарында 16 билборд ілініп, жергілікті басылымдарда – 22, республикалық және жергілікті теледидарда – 30, радио торабында – 10, Полиция департаментінің ресми сайтында – 57, танымал әлеуметтік желілерде – 132 хабарлама мен мақала жарияланды.

Еліміздегі әрбір отбасы – қоғамның айнасы. Отбасы – әрбіріміз үшін қадірлі ұғым. Дегенмен, шаңырақтың беріктігі – үлкендердің үлгі-өнегесі, өзара сыйластық пен қамқорлыққа байланысты. Келер ұрпақтың көкейінде күмән, көңілінде түйткіл болмауы үшін, бүгінгі буын масыл емес, асыл болып қалыптасын десек, өнегелі отбасын құруға, сақтауға және үлгі етуге әрбіріміз мүдделі болайық дегім келеді.

● «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Қоғамда көпке үлгілі, ортасына сыйлы, ынтымағы мен бірлігі жарасқан отбасылар жетерлік. Солағың бірі Жалағаш ауданы, Ақкүм елді мекенінде тұрды. Бұл – Шуақбаевтар әулеті. Жакында олар «Мерейлі отбасы – 2021» ұлттық конкурсына қатысып, жеңіс биігінен көрінді.

Сb Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Сыйластық жарасымы

Отағасы Науқанбай Шуақбаев кезінде Қазақстан қолхозы, Ақкүм совхозы партия комитеттерінде абыройлы қызмет атқарды. 1973 жылдан бастап №38 мектепте ұстаздық етті. Талай шәкіртті білім нәрімен суындатып, үлкен өмірге қадам басуға ықпал жасады. Жаны шығармашылыққа құмар азамат еді. «Тарих тағылым», «Ұлы Отан соғысы шежіресі» атты кітаптарын жарыққа шығарды.

Науқанбай 1956 жылы Іңкәр Сырбаевамен отау құрып, 10 перзентті жетілдірді. Отанасы еңбек жолын аудандық кітапханадан бастап, мектепте іс жүргізуші, совхоздың сиыр фермасында жұмысшы, бақташының көмекшісі болып бірқатар жұмыс істеді. Қазір Батыр ана «Алтын алқа» иегері. Өніп-өскен әулеттің ақылшысы әрі қамқоршысы. Биыл 84-ке келгенмен, әлі де тың. Келіндеріне болысып, үй шаруасына қолғабыс етеді. Немере-шөберелеріне тағылымды әңгімелерін айтудан жалыққан емес. Отбасының ұйытқысына айналған ана жас отбасыға білген-түйгенін үйретіп келеді.

– Еліміздегі әр шаңырақ мықты болып, үлкен әулетке айналғанын қалаймын. Біз отбасының жауапкершілігін алдығы орынға қойдық. Ер мен әйелдің міндетін білдік. Қиын кезеңде мойымай, балаларымыздың болашағы үшін күрестік. Отбасы құндылығын, тәрбиесін берік ұстандық. Балаларымызды ертеден еңбекке баулып өсірдік. Шамамыз келгенше білім алуына жағдай жасап, жылы-жұмсақты ауыздарына тостық. Адалдық, адамгершілік, үлкенді сыйлау, құрмет көрсету сынды қасиеттерді бойларына сіңіруге тырыстық. Шүкір, балаларым білім алды. Бір-бір шаңырақтың иесіне айналып, әрқайсысы түрлі мамандық иелері атанды. Әкесінің жолын қуып, ұстаздық еткендері де бар.

Қазақ «Ұрпағыңмен мың жаса!» деп тілек білдіреді. Осы перзенттеріміздің арқасында кезіндегі бейнеттің қазір зейнетін көріп отырмыз. Олар бізден алған тәлім-тәрбиесін енді өз балаларына азық етуде, – дейді әжеміз.

Бүгінде тамырын тереңге жайған Шуақбаевтар әулетінің 24 немере мен 14 шөбере өркен. Ұл-қызының қызығына келгеннен анық бір ғана тілегі бар. Ол еліміздің тірегіне айналған әрбір отбасының керексіз кең, іргесі бекем болғанын қалайды.

Иә, қай кезде болмасын, отбасының адамзат ұрпағына ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен теңестіруге келмейді. «Отан – қуат, отбасы – шуақ» деп білетін ұлтымыз отбасының тыныштығы мен құндылықтарын бірінші орынға қойған.



«Әр бала несібісімен туады»

Балаларын байлыққа балаған «Алтын алқалы» ана Жанат Абайдуллаева сегіз құрсақ көтерген. Небәрі 34 жастағы келіншек бүгінде сүткенжесі Айсұлтанды босанып, бала күтіміне байланысты демалыста отыр.

Сb Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Осыдан 16 жыл бұрын Нұрлан Шайменов есімді азаматпен отау құрып, үш атқамінер мен бес қызғалдақты дүниеге әкелді. Шаңырақтың шаттығы мен берекесін еселеген жас ана елдің демографиялық өсіміне үлес қосқанын мақтан етеді.

– Әйел болған соң, өмірге ұрпақ әкеліп, оны жетілдіріп өсіру парыз деп түсінемін.

Денсаулығың көтерсе, Алланың берген перзенттерін дүниеге әкелгенге не жетсін?! Барлығы өз несібісімен туады. Бұдан да қиын заманда аналарымыз он баладан кем таппаған. Ал тәуелсіз елде өмір сүріп, бейбіт заманда көпбалалы болуға қорқатындарды түсінбеймін. Біздің бар байлығымыз – осы көзге көрінген ұл-қызымыз. Үлкенім Нұржан 14



жаста, әкесінің қолғанаты. Одан кейінгі Нұрай есімді қызым спортқа жақын, футбол үйірмесіне қатысады. Қыздарымның ішінде өнерге жақыны – Айару. Айлан, Жанерке, Ұлболсын менің көмекшілерім. Үйде 6 оқушы бар. Олар – қаламыздағы Абылайхан атындағы №140 орта мектептің оқушылары. Ал Әлинур мен Айсұлтан – отбасымыздың еркесі. Перзенттерім бір-біріне бауырмал, тату болғанына қуанып қаламыз. Әкесі екеуіміз олардың әрбір ісіне марқайып, сүйсініп отырамыз. Бала отбасында ата-ананың мейіріміне, махаббатына бөленіп өсуі керек. Әсіресе қыздарымды еркелетіп, ұл-

дарымды кішкентайынан жауапкершілікті ұғынатын азамат болуға тәрбиелеймін, – дейді Жанат Пернебекқызы.

Ынтымақ пен ырыстың ұйытқысы бола білген көпбалалы аналар құрметке де, қошеметке де лайық. Алтын құрсақ аналардың дүниеге сәби әкеліп, оны тәрбиелеу жолында еткен еңбектерін ештеңемен теңестіре алмайсың. Түн ұйқысын төрт бөліп, перзенттерін «қанаттыға» қактырмай, тұмсықтыға шоқыт-тырмай» жетілдіріп, қоғамның бір кірпіші болып қалануына тер төгеді. Әр баласына деген махаббаты олушеусіз, ықыласы ерек. Сондықтан да болар, «Жұмақ ананың табанының астында» дейтіні.

ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

Кейде отбасы құндылығы, ұрпақ тәрбиесі, үйдің берекесі сияқты мәңгілік тақырыптарды қаузағанда бір тоқтамға келе алмай жатамыз. Әңгіме әдеттегідей аға ұрпақтың кейінгіге көңіл толмаушылығынан басталып, әркім өз пікірін дәлелдеуге тырысады. «Баланы да тапқанбыз, ата-енені де баққанбыз, өкіметтің жұмысын да істегенбіз» деген үлкендердің өзінше кейінгілердің жауабы әзір – «Ол кезде жұмыс, үй, балабақша – бәрі дайын болды».

Тіршілік тегерігі бір орында тұрмайтыны аян. Заман өзгерді, жаңа дәуірмен бірге жаңалықтар келді. Мұндайда бұрынғы мен бүгінгінің алтын ортасын тауып, дәстүр мен жанашылдықты тең ұстаудың маңызы зор. Қазір ақыл айту ең оңай жұмыс болып тұр. Отбасын құру, ажырасу сияқты «нәзік» тақырыптарда оңды-солды сөйлей салсаң, біреудің жанын ауыртып адуын мүмкін. Дала заңының жазылмаған баптарын бұлжытпай орындаған аға буын білген-түйгенін кейінгіге өнеге етіп айтып отырса, айып па?

Отбасы күні қарсаңында С.Майқанова атындағы «Бастау» аналар клубының жетекшісі, 8 баланың анасы, желкідеп өсіп келе жатқан немере-шөберелердің тілекшісі Шамшырақ Көрпешовамен әңгімелестік.

ДӘСТҮРДІҢ ДЕ, ЖАҒАШЫЛДЫҚТЫҢ ДА ЖӨНІ БАР

– «Көп жағдайда жоқшылықтан, жетіспеушіліктен отбасының берекесі кетеді, ажырасуға осы себеп болады» деген пікірге не дейсіз?

– Мен осы шаңыраққа келіп болып түскенде 19 жаста едім. Күйеуім 7 ағайынды, бір үйде 17 жанбыз. Ошақтағы үлкен қазанға істелген тамақ кейде жетпей қалады. Бес балалы болғанша ата-ененің қолында тұрдым.

Енем біреудің жалғыз қызы екен, аруағы разы болсын, есімін айтайын, Марал еді. Соғыстан кейінгі жылдары атаммен бас қосқан. Жарының димқас анасын баққан. Екі баланы ауру кейуананың қасына қалдырып, біреудің үйін жинап, енді біреудің тамағын істегенін көз көрген әжелеріміз осы кезге дейін айтып отырады.

Біздің жас кезімізде үкімет ешкімді жұмыссыз қалдырмайтын. «Риссовхозстрой» деген мекемеде іс жүргізуші болып жұмыс істедім. Кейін қасир, бас есепші болып еңбек еттім. Бірақ біз Сырдария ауданының жұмыс істеп жүрген мекемеміздің тармағын, тоқсаныншы жылдардағы қиыншылықты бастан өткердік. Шиеңтей бала-шағаны жеткізу үшін қандай қиын жұмыстан да бас тартпадық.

Енді қара, қазіргі уақытты жоқшылық кез деп айтуға бола ма? Еңбек еткен адам ризық-несібесін молынан теріп жүр емес пе? Енемнен естігендерімді, өзіміз жеңген қиындықтарды қыздар мен келіндердің құлағына құюға тырысамын. Заманның бар игілігі – дайын отын-су, бір тетікпен басқарылатын мәшинелер сендерге бұйырған екен, соның қадірін білдіңдер деймін.

– Сізге статистикадан бір мысал айтайын. Елімізде әр үшінші отбасы ажырасады. Жалпы некені бұзу туралы иешім бір күнде қабылданып отырғанын айтыңыз. Мұндайда арасына сызат түскен екі адамды қайта жерастыруға арағайындық жасап, үлкендер жүретін еді...

– Түсініп отырмын сұрағанды. Ондай міндетті мен де мойныма арқалап барғанмын. Екі жасты табыстыруға тырыстық. Аяғы ауыр келіншектің жағдайын айттық. Бірақ ол үйдің үлкен кісісі қарсы болды. Жастардың арасына отбасының басқа мүшелері түскеніне қынжылдық сонда.

Өз басымнан мысал келтірейін. Аралға құдалыққа барған енем менің қой бағып жүргенімді сыртыман көріп, баласына қолайлапты. Үйіне демалысқа келген баласы, яғни күйеуіме «осындай қыз көріп келдім, соны аласың» депті. Бір-бірімізді танымаймыз сонда. Бірақ жас болсақ та, мойнымызға жауапкершілік жүктелгенін түсіндік. Екі жақтың, бір-біріміздің, дүниеге келген балалардың алдында жауапты екенімізді естен шығармадық. Қазір бәрі оңай болып кетті. Мұның зардабы ұрпағына тиетінін, екі жаққа кетіскен жандардың баласы жатбауыр болып өсетінін пайымдай алмайтындыр көбейді.

– Астатөк той жасау, жастарға нәтерден бастап, майдан-шүйдесіне дейін сайлап беру оларды масылдыққа үйреткен жоқ па? Одан қалды дастарханға қоятын барлық тағам, еттің жеймасына дейін дүкенде әзір тұр.

– Дұрыс айтасың, үйретті, бірімізден біріміз қалмаймыз деп

қызға жасау дайындаймыз. Несие алып, той жасаймыз. Арадағы алыс-беріске қаншама шығын кетеді. «Алған-бергенде тұрған ештеңе жоқ, жастар бақытты болсын» деп сол жерде екі жақ та тілек айтамыз. Сөзіміз осы болғанмен, ісіміз басқа.

Қазір ақшаға адамның жанынан басқаның бәрі табылады. Кеңестік дефициттің дәуірінде күйеуімізбен ақылдасып, айлықтан ауыстырып, жаңа кілем алсақ та, шкаф алсақ та, балаларға киім алсақ та қуанатынбыз.

Бұрынғыны айта бересіз деп жастар жазғырмасын, кезінде ағайын-туыстың бірінде жиын-той белгіленсе, әр келіннің өз міндеті болатын. Малдың ішек-қарнын тазалауға, бауырсаққа, тәтті-пәттіні даярлауға, дастархан жасауға, ыдыс жууға, шүберек-шаршы тартуға деп жұмысты бөліп алатынбыз. Қазір бәрін адам жалдап жасатады. Бұл келін-кешіктің бір-бірімен араласуына, танысып-білісуіне, бір-біріне қамқорлық көрсетуіне кедергі ғой. Келіндер қонақпен қонақ болып келеді бір күні.

– Қыз бала үйдегі тәрбиесін өзінен бірге түскен жеріне алып келеді. Өзіңіз де 7 қыз тәрбиелеген анасыз. Қыздарыңызға қандай ақыл айтасыз?

– Тұрмыстағы қыз – сол жақтың адамы. Төркіні – анда-санда бір келіп, ауан-қунап кететін жер. Бұрынғының адамдары төркінішлеп барсақ, «Қашан қайтасың, қарағым, үйінде ата-енені, жолдасың, бала-шағың бар» деп алдын ала ескертіп қоятын. Сосын бірер күн ғана аялдап, үйге қайтамыз.

Қазір «сені ол үйге құлдыққа берген жоқпын» деп «ақыл

айтамын» бар екен. Бұдан ол қыз барған жеріне тастай батып, судай сіңе ме? Тұңғышым жастай тұрмыс құрды. Балалықпен істеген шалалығын көргенде уайымдайтынмын. Әжесі, енесі үшеулеп ақылмызды айттық. Қазір өзі немере сүйіп отыр. Кейін оның мысалын басқа қыздардың құлағына құюмен болдым.

Қолымда келінім бар. Бір үйдің әжесі тәрбиелеген ерке қызы еді. Аллаға шүкір, біздің үйге тез сіңіп кетті. Ойласып отырады, өз орнын біледі. Өз үйімізде ғана емес, бүкіл әулеттің жиын-тойында қызметін жасаудан жаңылған емес.

– Кейінгі кезде отбасы институты, әйел мен ер адамның міндеті туралы оңды-солды ой айтамындар шықты. Әлеуметтік желіні айтсам... Әйел, бала құқы қорғаймыз дейтіндердің қарқыны тіпті қатты. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі отбасы құндылықтарын мансұқтауға шақыратындар да төбе көрсетіп қалып жүр. Әсіреліншілдердің де әйелге, қыз балаға қатысты көзқарасы малайлардың тағдырына әсер етті. Оларға қалай қарсы тұрамыз?

– Иә, қолымыздағы телефонға небір жазбалар келіп жатады. Теріс ағымның жетегіне кеткендердің уағыздары да ұрпақ санасын улайды. Одан қалды, әкімдікке басып кіріп, «үй бермедің, тамақ бермедің» деп айқай салған жап-жас келіншектердің бейнежазбалары жүр. Солардың барлығы жалғызбасты ма өзі? Күйеулері қайда? Үлкендері бар ма? Болса, неге тоқтатпайды? «Мынаны оқыған, көрген көкөрім жастар не болады?» деп уайымдап қаламын. Дәстүрдің де, жанашылдықтың да жолы, жөні бар.

Мұндайда асыл мен жасықтың паркын білетін кісілер жүрген жерінде айтып отыру керек. Біреу тыңдар, енді біреу жүре тыңдар. Сонда да насихат жұмыстары тоқтамауы керек. Мен жетекшілік ететін «Бастау» аналар клубы мектептерге барып, тәрбие сағаттарына қатысамыз. Қыздарға ақылмызды айтамыз, ер балаларға Отанның қорғаушылары, отбасының тірегі өздері екенін түсіндіреміз. Қиын балалар тәрбиеленетін мекемеде де болды. Жүректі ауыртқан көріністерге де куәміз. «Мұндай мінез-құлқы ауыр балалар қайдан шығады?» деп ойлансақ, тағы сол әке-шешесі ішкілікке салынып кеткендердің балалары.

Клубымыздың құрылғанына 30 жылдан асты. Республикалық, облыстық сайыстарға, шараларға қатысып тұрамыз, жүлделеріміз де баршылық. Клуб мүшелері немере-шөбере бағудан бір уақ қолымызды босатып, жиналып, әнімдізді шырқап, мәдени шараларға дайындалып жүреміз. Бар тілегіміз балаларымыз бен олардан өрбіген ұрпақтарымыздың үстінде. Солар өсіп-өркендесе, көгеріп-көктесе – біздің бақытымыз. Бұрынғы үлкендер «Жаратқан, осылардың жамандығын көрсетсе» деп тілеп отыратын еді ғой. Сол кісілердің жолымен келеміз.

Отбасы күнін атап өту өте дұрыс бастама болды. Бірақ отбасы құндылықтарына қатысты шаралар бір күндік науқанмен шектелмеуі тиіс. Олай болатын жөні бар. Өйткені адамзат баласының алтын қазығы – отбасы.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Гүлжазира ЖАҒАСОВА,
«Сыр бойы»

ОЙСАЛАР

«Қалай келсең, солай кетесің!»

Бір күні көршінің үйінен келген апамыз үйге күрсіне кіріп, атамызға: «Әбден бекіп алыпты, кеткелі жатыр!» деді. Атам біраз отырды да, асықпай қозғалды. Көрші үйге тартты. Апам үн-түнсіз қала берді. Біз баламыз, атамның ізінше әлгі үйге еңгітіп кірдім.

Көршінің әйелі жылап, киімдерін жинап жүр. Екі баласын киіндіріп қойыпты. Атам кіріп барғанда сәлем салған келіншек «Ата, айтпай-ақ қойыңыз, неге келгеніңізді түсіндім. Мен енді төзе алмаймын. Болды, қанша шыдадым. Өздеріңіз көріп-біліп отырсыздар, енді мені тоспаңыздар! Кетем дедім, кетем!» деп сумкасының аузын сыдырып жатыр. Сонда атам: «Е-е-е, қарағым, жөн, жөн...» деп біраз отырды да, келіншекке: «Қарағым, бір ғана сұрағым бар, соған жауап берсең, әрі қарай өзің білерсің» деді. Келіншек «Ол не сауал?» дегендей атама қарады. «Осы сен бұл үйге келгенде нешеу едің?» деді атам. Келіншек жауап бергісі келмесе де, атамнан іменіп: «Бір өзім келдім» деді. «Еңдеше, қалай келсең, солай кетесің. Андағы екеуің шешіңдір, руы белек өзге әулетке жәулеттепте! Мұнда да ел бар, аштан өлмейді, көшпен қалмайды. Өз жұртыңның ішінде өссін. Ата дәстүр солай» деп салмақтап аяқтады.

Сонда не болды дейсіздер ғой, келіншек өкіріп жылап, екі баласын бас салды. «Мен бұларды тастап қайда кетем, ата! Бұлар менің қолқа-жүрегім ғой!» деп киімдерін киіп томпиып тұрған екі баласын күшкілап отыра кетті. Жылап отырып екі баласын шешіндіре бастады. Атам «Алла разы болсын, айналайын, Алла жарылқайды сені» деп бетін сипады да, шығып жүре берді...

Кейіннен бір отырыста қазір әже болған келіншектің есіне сол оқиғаны түсірдім. Өлде-қашан дүниеден өтіп кеткен атама ризашылық айтып, «Сол екі баланы күшкілап отырған қалпында қалып қойдым ғой, міне, содан әлі отырымын» деп басын шайқап-шайқап қойып маз боп күледі. Қайда, бұл күнде екі баладан кейін тағы төрт бала тауып, отбасы ордаға айналып, үлкен әулет болған.

Ұларбек
НУРҒАЛЫМУЛЫ,
«Дайғашым» кітабынан

Біршама жыл бұрын жұмыс бабымен жолға шыққан едім. Түн ортасынан асқан шақ. Вокзалда адам қарасы мол екен. Көп ұзамай күткен пойызымыз келіп тоқтады. Өзгерлермен бірге вагонға кірдім. Орныма жайғасып, қалғи бастаған едім.

– Жігіт, сыра алыңыз, – деген таныс үн ұйымды шайдай ашты.

Қарсы алдымда Сәния тұр. Иә, соның дәл өзі. Кезінде талай жігіттің арманына айналған сүйкімді, тәкаппар бойжеткен еді. Мені көріп ақшыл өңіне қызыл арай жүгірді. Басын сәл иізіп, сәлемдескендей сынап танытты. Көнетоз киіміне, жүзіндегі әжімге, мөлдір жанарының алдындағы көкішіл түсті ісікке қорланғандай кетуге асықты. Жүрегім дір етті. Оның қысылғанын аңғармағандай отбасы, тұрмыс-тіршілігі, жолдасы жайлы сұрастыра бастадым.

Сәния мүлде өзгеріпті. Сыңғыр күлкісінен, ашық-жарқын мінезінен жұрнақ та қалмапты. Бұйығы қалпынан тіршілік тауқыметін аз тартпағаны байқалады.

– Сәния, бұрын бізге көз қырыңды да салмайтынсың. Неше перзентің бар? – дегенімде қыстығып жылап жіберді. Өзілімнің орынсыз шыққанына қатты қысылдым. Бойымды өкініш кернеді. Жұбатпауға сөз таппай, маңдайымнан ыпын-шып тер шықты.

Сәлден соң өзіне келіп, ескі пальтосының қалтасынан алған беторамалымен көзін сүртті. Бір күрсініп алып, әңгімесін бастады:

– «Қайсыбірін айтайын» деген екен бір мұңлық. Бәріне өзім кінәлімін. Мүмкін, пешенеме солай жазылған шығар. Мектепте жүргенде көрікті әрі белсенді оқушы болғанды өзің де білесің. Сол ажар-көркім мәңгі басымда тұратындай өзімді асқақ ұстаушы едім. Жайдары жаздан соң қоныр күз келетінін ескермедім. Асау көңілмен сезімді білдір-



Күтпеген кездесу

(Әңгіме)

ген талай жігітке көзімнің қырын да салмайтынмын.

Мектеп бітіретін жылғы жаңа-жылдық би кеші есінде ме?! Күлгеніңе қарағанда, ұмытпаған екенсің. Сен биге шақырдың. Мен сенімен емес, әскерден бірнеше күн бұрын ғана оралған тіршілік формасындағы жігітпен біледім. Би кешінің соңы жанжалға ұласты. Асқар досын екеуің теңізші Мақсатты үйінің алдында аңдып тұрып, ұрып кеттіңдер. Ортаға үлкендер араласып, кешірім алып, дау тоқтады.

Аттестат алған соң бәріміз жан-жаққа тарап кеттік. Мен медициналық

училищені бітіріп келіп, ауылдағы медпунктке жұмысқа тұрдым. Мақсат та ауылда шофер болып жұмыс істейді екен. Екеуіміздің сөзіміз жарасып, шаңырақ көтердік. Неге екені белгісіз, үйлену тойыма сен келген жоқсың. Жә, ақталмай-ақ қой. Ол кезде сен ауылда, демалыста жүрген болатынсың.

Біз бақытты едік. Дүниеге тұңғышымыз Ақгүл, кейін Нұрбек келді. Мақсат екеуіміз жұмыс істеп, енем зейнетке алатындықтан, ішіп-жемінен тарықпадық. Тіпті, жалақымыздан ауыстырып, қаражат жинай бастадық.

Енем мені жанындай жақсы көріп, анамдай әлпештеді. Жолдасым да үй ішіне жайлы болды. Бәрі кенеттен басталды. Кеңшар таралы, техника, мал, өзге де дүние талапайға түсті. Жалақының орнына алғашқыда азық-түлік, басқа да заттар беріліп, кейін ол да тоқтады. Мезгілінде Олақа танылған шаруашылық әлденеше ұсақ қожалықтарға бөлініп кетті.

Мақсаттың иелігіндегі машинасын біреу жекеге сатып алып, отағасы жұмыссыз қалды. Мен де қысқартуға іліндім. Көпке дейін үйреніскен дағдымен бұрынғы кеңшардың гаражына барып жүрді. Қаңыраған гаражда күні кеше ұжымдас болған, бірі шофер, бірі тракторист ретінде тер төккен, енді өзіндей жұмыссыз азаматтармен ертеңгі күнге дәмелене қарайтын. Сол азаматтардың қаншасы кейін тағдыр жолынан жаңылды екен?! Неткен, өкінішті!

Ақыры күдерін үзген Мақсат ішкілікке бой алдырды. Алғашқыда мас болып келіп, жас сабиіне егілдіп жатып, ұйықтап қалатын. Келе-келе маған, үй ішіне түседі шығарды. Ой, құрдасым-ай, біздің қазіргі күнімізді дұшпанымыздың басына да бермесін дер едім.

Қол қусырып қашанғы отырайын?! Пойыз жағалап, ұсақ-түйек сатуға шыққанмын. Күні бойы жүремің. Шаршап-шалдығып үйге келсең, тағы береке жоқ. Араққа тойып алған Мақсат тиісуге сылтау іздеп тұрады. Ығыр болдым. Кейде өмірден түніліп кетемін. Бірақ, шиеңтей балаларымды, қарт енемді ойлаймын. Өйтпесе....

Қолда азын-аулақ мал ұстаймыз.

Қысылғанда сатқымыз да келеді. Алайда үйде қартымыз бар. Олай-бұлай болса, кімге қолыңды жаясың?!

Біздікі жан бағудың амалы ғой. Бірде заттарымды өткізе алмадым. Салым суға кетіп, ауылға бет алғанмын. Жасы менің баламан да кіші жоқсеріктің тілі ашы екен.

– Әй, қатын. Осырақ қоныз құсап, қайда өрмелеп барасың? Давай, ақшанды төле! – деп өнменімнен түйіп жіберді. Қатты қорланғанмен, аузымды аша алмадым.

Тағы бірде бір бейтаныс жолаушы «қарап қоярсың» деп жол сумкасын менің қаншыма қойып, өзі әлдеқайда кетіп қалған болатын. Масқара! Жаныма ізшіл итпен жетіп келген полицейлер сумкадан наша тапты. Ойбай, сұмдық! Қолыма кісен салып, дедекетіп бөлімшеге әкелді. Мен байғұс жылап-сықтап, ақталып жатырмын. Сөзімді елеген бір жан табылмады. Тергеушіні шақырды. О, Алла! Тәңірім өзімнің, балаларымның көз жасын көрген шығар. Тергеуші сенің досың Асқар екен. Асқар менің мұндай лас тірлікпен айналыспайтындымды тәртіп сақшыларына айтып, сумкасын тастап кеткен адамның түр-түсін сұрап, бейнероботын жасатты. Сол арқылы нағыз қылмыскер ұсталды. Сондағы қуанған түрімді көрсен ғой.

Осылайша жүріп жатырмыз. Бар үмітім балаларымда. Солар қатарға қосылса, мен де жетілермін деп ойлаймын.

Сәния ашылып ұзақ сөйледі. Сырттай сыр бермегенмен, ойым астаң-кестен. Балаларың жолында отқа түсуге бар ана махаббаты не деген құдіретті?! – деймін іштей тебіреніп.

Мен Сәниямен қимай қоштастым. Талдырмаш денелі келіншек нағыз алып болып елестеді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазыла ауданы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



I
Жалағаш кентінде кеш батып келе жатты. Біз екеуміз сауықтыру кешенінен шығып, үйреншікті тротуармен үйге қайтып келеміз. Құр келе жатқан жоқпыз. Өткенді еске алып, бүгінгі күнді, бүгінгі өмірді мақтан тұтып келеміз. Қасымдағы жол серігім – кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожантай Құлмаханов. Әңгіме арасында әріптесіме:

– Қожеке, жаңағы журналистер қатысқан мәжілісте ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап мақала жазыңдар деп жатыр. Осы жөнінде не айтпақсыз? – дедім.

– Жазу оп-онай дүние емес, ойлап көрерміз. Ал, өзін ше?

– Өзім де ойланып келемін. Енді бұл бастаманы аяқсыз қалдыруға болмас, – дедім. Сол сәтте маған «Отыз жылдың жемісі» деген мақала жазсам деген ой келді.

Осы кезде күн райы өзгеріп шыға келмесі бар ма? Жаңа ғана тыныш тұрған табиғат құрт қабағын түйіп алды. Наурыздың суық желі де еселене түсті. Ұйытқыған жел өзімен бірге батыстан қаптаған қара бұлтты ала келді. Әп-сәтте күн күркіреп, найзағай ойнап, аспанның түбі тесілгендей шатыр-шұтыр ете қалды. Наурыздың жаңбыры толассыз құя бастады. Біз әңгімемізді айтып, Желтоқсан мен Әйтеке би көшелері қиылысына келіп те қалдық. Сонымен «ертенге дейін» деп қол алысып, екі айырылды. Ол аудандық әкімшіліктің кеңсесіне қарай бұрылды. Мен үйіме бет алдым.

II
Тұңғыш Президенттің басты мақсаты – Қазақстанды теңдесі жоқ ұлы елге айналдыру. Ол үшін шөл даланы жандандырып, жаратылыстың адамға қарасты бәрін де қамтып, туған жердің бар аймағын игілікке толтыру. Бүгінде еліміздің қай түкпірін алып қарасаңыз да, жаңаша жаңғырып жатқанын көресіз. Осындай шұғылалы шактың өз мекенімізде де болып жатқанын мақтанышымен айтсақ артық бола қоймас. Әрине, мұның барлығы – егемендіктің құдіреті.

III
Өмір деген қандай көрікті болып барады. Осыдан 30 жыл бұрын кент көшелері тозып, жарық дұрыс жанбайтын. Ал қазір ше? Барлық көше түн болса электр жарығы жарқырап тұр. Көшелер түгелге жуық асфальт төселді. Келбеті келіскен кенттің жапырақ жайған талдары жаз айларында жасыл желекке бөленіп, жайқалып тұрғаны.

Бүкіл елде қала берді өзіміз өмір кешіп жатқан жерде адам үшін қаншама жақсы істер атқарылып жатыр десеңізші. Соның бел ортасында жүріп, соны кейде аңғармайтынмызды жасыруға болмайды. Алдыңғы буын ағалардың жастарға «Жақсы қасиетіне қасиет қос» деп тілек айтуы осындайдан болар. Енді бүгін туған аймағына қарашы. Бұл араны «тоғыз жолдың торабы» десек, мүлде қателеспейміз. Мынау, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі.

Жылдар өтер, айтулы трасаның екі қапталындағы құрылыстар да одан әрі жалғасын тауып, ашық дала тіршілік



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ЖЕМІСІ

ой-толғам

көзіне жарап, елді мекенге айналар-ау деген ой келеді. «Ойды ой қозғайды» демекші, осы орайда аудан аумағынан өтетін теміржолды халықтың ырыс-несібесі, сарқылмас қазынасы деуге әбден болады. Оның үстіне екі алып жолдың ортасында ағып жатқан Сырдария өзенін айтпасақ, кеуіліміз көншімейтіні тағы бар. Оны айтпасақ тағы болмайды.

Сырдария өзенін табиғаттың бізге сыйлаған байлықтың көзі десек жарасар.

Енді біз ғасырлардың қабатында қалған жайларды қоя тұрып, егемендігіміз жайлы сыр шертепкіз. Соңғы жылдардың өзінде аудан орталығы таныматай болып өзгерді. «Астана», «Қызылорда», «Сейтнәби Мұқашев», «Жасөспірімдер», «Жеңіс» атты парктар жаңадан салынып, ел игілігіне берілді. Аталған демалыс орындарының барлығы да қазіргі өмір талабына сай жабдықталған. Жаз айларында қай демалыс паркіне бара қалсаңыз да бос орын таба алмайсыз. Онда әңгімеден құрып отырған ардагер ағалар мен әжелерді, кішкентайларын қоларбаға салып алып қыдырып жүрген ерлі-зайыпты жастарды көресіз. Жүргіншілер де аз емес.

IV
Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа өмір, жаңа кезең басталды. Кәсіпкер деген атау дүниеге келді. Мәселен, соңғы 30 жыл ішінде аудан бойынша 1179 кәсіпкер тіркеліп, еңбек етуде. Оларда 6170 адам жұмыспен қамтылған. Оның 218-і шаруа қожалығы болса, 74-і кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлға. Қалған 887-сі жеке кәсіпкер. Мәселен, Жалағаш кентінің өзінде халыққа 278 дүкен қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, автобусы бар, таксисі бар 142 түрлі маркалы көлік тұрғындардың алыс-жақын сапарға шығуына мүмкіндік туғызып отыр. Бұған қоса «Жібек», «Әділет» базарлары, «Бәйтерек» сауда орталығы жұмыс істейді. Соңғы 4-5 жылдың ішінде кенттің өзінде алды 50-ден 500 адамға дейінгі сыйымдылығы бар 17 кафе-тойхана салынып, қолданысқа берілді. Бұл да – егемендіктің жемісі.

«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген емес пе?! Туған жерін кемсіткен

бір сөзді естісе намыстанбайтын жігітті көрген емеспіз. Жалағаш кенті көшелерінің осы орайда аудан аумағынан өтетін теміржолды халықтың ырыс-несібесі, сарқылмас қазынасы деуге әбден болады. Оның үстіне екі алып жолдың ортасында ағып жатқан Сырдария өзенін айтпасақ, кеуіліміз көншімейтіні тағы бар. Оны айтпасақ тағы болмайды.

Осы орайда Тұңғыш Президентіміздің «100 мектеп, 100 аурухана» атты бағдарламасы аясында аудан орталығынан 1200 орындық зәулім мектептің пайдалануға берілгенін, мұнда озық ойлы шәкірттер білім алып жатқанын үлкен мақтаныш екендігін айтудың реті келіп тұрғаны.

Бұған қоса кенттегі №123 орта мектеп бұзылып, орнына жаңадан салынды. Сондай-ақ, Аламекек, Мырзабай ахун, Далабай, Шәменов ауылдарынан салынған жаңа мектептер, сол сияқты Мәдениет және Бұқарбай батыр ауылында уақыт талабына сай салынған спорт кешендері де бүгінде ел игілігіне қызмет етуде. Аққұм мен Мәдениет ауылынан жаңадан салынып, іске қосылған Мәдениет үйлері де – бүгінгі күннің жақсы жаңалығы.

Кент орталығындағы жаңартылып салынған, адамның көз жауын алатын үлкен стадионды қалай айтпайсыз?! Оның жасыл алаңында толассыз жарыс өтіп жатса, қалай мақтанбасқа?! Жастарға керегі де осы емес пе?! Сол сияқты ауданның барлық ауылдарында дерлік балаларға арналып, шағын стадиондардың салынғандығын айтуға тиіспіз. Бүгінгі заман талаптарына сай салынған «Ақмаржан», №19 санаториялық балабақшаларды, ауданның барлық елді мекендерінде балабақшалардың жұмыс істеп тұрғаны – соңғы жылдардың жемісі. Бұл айтып отырғанымыз жетістік емес пе? Әрине, жетістік. Бұның

барлығына да азаттықтың арқасында қолымыз жетіп отыр.

V
Біз тіршіліктің қай саласын алсақ та ілгерілеп өсудеміз, өркендеудеміз. Соның бір дәлелі – көшелер. Иә, өзіміздің күнделікті жүріп өтетін көшелеріміз. Мысалы, 1991 жылы кенттегі көше саны 54 болатын. Егемендік алған жылдар ішінде екі жүзден астам жаңа үй салынып, жаңадан 18 көше пайда болды. Басты көшелердің барлығына дерлік тротуарлар салынған.

Көпшілік жағдайда көше атауын атағанымыз болмаса, оған терең үніліп, мән бермейміз. Шын мәнінде, көше – өмір ағысы. Көшені тереңірек танытындар – почтальон, таксист, онан соң журналист.

Міне, біз М.Шәменов атындағы көшемен жүріп келеміз. Көше атауының өзі көп нәрсені еске түсіреді. Атам қазақтың «Жақсының аты өлмейді» деген қанатты сөзінің астарында адал ойдың ақиқат шындығы жатқаны ерексіз еске келеді. Өмірде жақсының аты ісімен, өнегесімен, адалдығымен, адамгершілігімен, іскерлігімен өлшенетінін жақсы білетін жан бұған шүбәсіз сенеді. Өйткені халықтан асқан көреген жоқ. Қашан да, қандай іске болса да, халық өзінің адал бағасын береді. Бүгінгі таңда, еліміз егемендікке қолы жеткен кезде бұл өмір шындығына айналып отыр. Ал, мынау еске алып отырған атауды соның мыңнан бір мысалы десек те болады.

Осы айтып отырғанымыздың өзі жалғаса берер өмірдің өнегелі сабағы жазылып қалар кітабы сияқты...

VI
Егемендік таңы атқаннан бері 30 жыл ішінде еліміз қай жағынан болса да тек осы жағында екенін көреміз. Экономикалық та, мәдени-әлеуметтік те, рухани жағынан да өрлеу дәрежесінде. Бұл – еліміздің бағы, халқымыздың бақыты. Сондықтан да талап та, тақырып та егемендік жайлы болуы тиіс. Жалпы журналистер әрдайым өз заманының, өз уақытының тынысын, тамыр соғысын жіті сезіп отыратын мазасыз халық қой. Олар – қоғамның белсенді және жаңалықты, әділдікті,

жасампаздықты жақтаушы қолқанаты. Сондықтан өмір тілегінен туған осындай мәселелерді баспасөз бетінде еркін көтеріп, жұртшылық пікірін ұйымдастырсақ, құба-құп емес пе?

Халық пікірін тындау, көпшіліктің ойын ортаға салу, жақсысын жақсы деп айтып, олқылықтарды болдырмаудың алдын алу елдің ауызбірлігін сақтауға баратын тіке жол десек, қателеспейміз.

Ойымызды ашық айтып, ақты ақ деп, қараны қара деп, елеусіз қалғандарды қайта жаңғыртып, елін, жерін жаудан қорғаған батыр бабаларымызды мәңгі есте сақтайтындай, жастарға тәлім-тәрбие беретіндей алып ескерткіштер салып, ел тарихын естен шығармайтындай шаралар өткізіп, өркениетті елдермен ық тіресе көтеріліп келе жатқанымыздың өзі – егемендіктің арқасы. Ендеше қазіргі ұлы байлық – Егемендік.

VII
Бұл жылдар ішінде озық дамыған 30 елдер қатарына қосылуды межелеген «Қазақстан – 2050» стратегиясы қабылданды. Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Сонымен бірге бұл мерзім ішінде саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға да баса мән берілді. Мысалы, «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты.

Егемендігіміздің 30 жылдығы бүгінде тарихқа айналып, болашағымыздың негізін қалады. Отыз жылдың шуақты күндері кентті мүлдем басқа түрге бөлген. Үйлері жаңа түрге енген, көшелері көбейген, аумағы арқан. Аудан орталығынан шығып, 14 ауылға баратын жолдың барлығына да асфальт төселген. Тамаша емес пе!?

Осы жылдар ішінде кенттегі жаңадан бой көтерген имандылық үйін, жаңадан салынып, пайдалануға берілген жұпалы аурулар ауруханасын, емхана мен жүз орындық аурухананы қалай айтпаймыз. Бұл жұрттың көптен күткен арманы еді. Ол да орындалды. Сондай-ақ, бұларға мәдениет және өнерді дамыту орталығының ғимараты мен күрделі жөндеуден өткізілген аудандық кітапхананы да қосауға болады.

Биылғы жыл аудан тарихында, көпшілік жұрттың жадында ұзақ сақталатын жыл болғалы тұр. Себебі – «көгілдір отын» аудан орталығына келді. Биылғы күзден бастап тұрғындар жылууды газды пайдалану арқылы алады. Қуаныштарында шек жоқ.

Осы жақсы жаңалықты естіген он балалы Батыр ана Ұлданай атты карт әже: – Біздің жас кезімізде дарияның арғы беті де, бергі беті де сыңсыған тоғай болатын. Бергін келе отынға пайдаланудың салдарынан әлгі айтқан тоғайлы алқап ашық алаңға айнала бастады. Енді оған тоқтау болатын шығар-ау, – деді.


Шіркін, табиғат та жақ бала сияқты ғой, тимесен, аяласан түрлі түске еніп, көрік береді.

VIII
«Заман біздікі» Қандай тамаша, ұтымды сөз. Бұл қазіргі жастардың көкейіндегі сөзі. Шындығы да солай. Бұған біз, қариялар қызға қараймыз, іштей өткен деп те қоямыз. Біз де жастық шағымызда ел үшін, Отан үшін еңбек еткенбіз. Бүгінде де солаймыз. Егемендіктің қадір-қасиетін жүрген жерімізде, жиын-тойларда, үлкен-кішілі отбасылық кездесулерде шамамыз келгенше жастарға жеткізе айтатын, оны қадірлей білуге шақырамыз.

Бұл күндері барлық деңгейде, барлық жерде егемендіктің 30 жылдығына арналған іс-шаралар қызу жүргізілуде. Оған ардагерлер де белсене қатысып, өз үлесін қосуда. Жер мен ел тарихын, шежіресін көкірегіне тоқып алған қарияларымыз Аққұм ауылынан Қосым Жүсіпбеков, Ақарық ауылынан Әлтай Пірманов, Мәдениет ауылынан Қалдыбек Сарбасов, Бұқарбай батыр ауылынан Қапыланбек Нұрмағанбетов, Шәменов ауылынан Сағыналы Құлманбаев, Ақсу ауылынан Тынымбай Берлібеков, Еңбек ауылынан Мархабай Балханов, Жаңадария ауылынан Сапабек Тұрмаханов, Аққұр ауылынан Шора Қалдыбеков, Таң ауылынан Нұрадин Жұбанов, Мақпалкөл ауылынан Қ.Мұстафин, аудан орталығынан Оспан Жанұзақов, Амангелді Мақатаев, Байұзақ Іздібаев, Тұрмағанбет Сығайбаев сынды ардагер ақсақалдар мектеп оқушыларымен кездесу жиындарына қатысып, егемендік жайлы әңгіме етуде. Әрине, мұны үлкендердің жастарға көрсетіп отырған үлгі-өнегесі деуге болады.

Біз, алдыңғы буын ел егемендігінің 30 жылдығына, осынау ұлы замана шежіресіне куә болғанымызды мақтаныш тұтамыз. Уақыт осылай өте бермекші. Ал, егемендіктің данқы да зор, ісі де зор. Толғана отырып мақаламды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліне, халқына қызмет ету. Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі. Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең-байтақ Қазақстанды асқақ армандарыңмен мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысына марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағаландыр! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін. Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс» деген сөзімен аяқтауды жөн санадым.

IX
Шыңғыс АЙБОСЫНОВ, Қазақстан Журналистер және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы



● МЕРЕЙ

Қарапайым адамның жан дүниесіне ерекше сыйпай қалпымен бойлай кететін қызылордалық қаламгер Қазыбек Әшірбекұлын кейбіреулер әзіл-сықақ жазады деп көптің бәрі ойламайтын шығар. Ағамыз қашанда сабырлы мінезін айнаған емес. Әрбір адаммен сөйлескен сәтінде үлкен кіші деместен, оған ілтипат көрсетіп тұрғанын байқайсың. Әдетте, мұндай мінезді адамның сатира саласында қалам тербеуі сирек. Ағамыз өмірдің көлеңкесі мен күнгейін көкірегіне түйіп, кемшілікті қалам қуатымен қағаз бетінде сынап, көпшілікке ой тастайды. Сатира сардарының қиялынан туған әрбір әзіл-оспақтан өмірдің ашы шындығын аңғаруға болады.

Sb Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Шығармашылыққа жаны жақын болса да, ағамыз ұзақ жылдар бойы құқық қорғау саласында абыройлы қызмет атқарды. Қай кезде де қолынан қаламын тастаған емес. Ол кісінің сықақ өлеңдері мен шағын әзіл әңгімелеріне көз жүгірте отырып, қоғам өміріндегі түйткілді мәселені ұсақ-түйек деп қарамайтынын аңғаруға болады. Күнделікті тіршілікте көзге түскен келеңсіз көріністі сын салағымен аяусыз түйейді. Көпшілік көңіліне жақпайтын құбылыстар мен әрекеттерді де көзден таса етпейді. Бұл дүниелерді оқыған адам көңілінде ой түйіп, жағымсыз жайдан бойын аулақ ұстауға тырысады. Әсіресе, мұндай келеңсіз көріністер көбейген тұста әзілмен болса да адамдарға ой салу үлкен қажеттілік.

– Мен Қызылорда қаласының іргесіндегі Қараөзек ауылында 1946 жылы 20 қыркүйекте дүниеге келдім. Ауыл мектебінде білім алдым, әскери борышымды өтеп келдім, ішкі істер саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқардым. Бала жасымнан шығармашылық ортаға жақын едім. Қай кезде де сол дағдымнан жаңылған жоқпын. Қалам құдіретімен талай дүниені ақ қағаз бетіне түсіріп, сол арқылы барша оқырманға ой салдым. Алдыңғы толқын ағалардың алғаусыз тілектерін тыңдап, шығармашылығымды одан әрі ширата түстім. 1987 жылы облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің штаттан тыс тілшісі болдым. Қысқасы, қай кезде де мен үшін сықақ өлеңдер мен әзіл әңгімелер жазу өмірімнің бір бөлшегіне айналды, – дейді Қазекен бізбен сыр бөлісіп.

Ағамыз 1991 жылы ішкі істер саласынан запастағы майор шенімен зейнеткерлік демалысқа шықты. Содан бастап газет-журналдармен байланысы бұрынғыдан да арта түсті. Жазушылар одағы басқармасына



қарасты Қазақстан сықақшылары «Найзагер» қауымдастығының мүшелігіне қабылданды. Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті сын-сықақ айдарының тұрақты авторы қатарына қосылды. Сын-сықақтары одан өзге «Айқын» газеті мен «Ара» журналының бетінде жиі жарияланып тұрды.

– 1994 жылы өңірде алғашқы тәуелсіз басылым ретінде жарық көрген «Ақмешіт апталығы» газетінде «Қуақы» әзіл-сықақ беті тұрақты шығып тұрды. Мен оған көптеген дүниелерімді жариялап, белсене атсалыстым. Газеттің негізін қалаған әрі бас редакторы Әділхан Бәймен бір күні қызметке шақырып, осылайша журналистиканың қазанында қайнауға тура келді. Өрине, әзіл-сықақ бетін жүргізу менің жауапкершілігімде болды. Оған тұрақты авторлар тартуға көңіл бөлдім. Сол арқылы өңірде сатира саласында өндіріп жазып жүрген көптеген кісілермен таныстым. Осылайша оқырмандарға сапалы дүниелер ұсынуға мүмкіндік тулды, – дейді ағамыз.

Қазыбек Әшірбекұлының шығармашылығына зер салып көрсеніз, кейде бір-екі жолдан тұратын қағызға қалжың арқылы астарлы ой тастауға тырысады. Осындай пікірлерін мақал-мәтелдің өнін өзгерте отырып жеткізеді. Тіпті, халқымыздың жауһар дүниесі – жұмбақты сәтті пайдалану арқылы оқырманға тұшымды дүниені ұсынады. Қалай десек те, қаламгер өзінің қиялынан туған шығармаларында өмірдегі біз

қалам тербеп жүрген авторлар санаулы. Бәлкім, аға буынның мол тәжірибесін жастарға үйреткеніміз артық емес шығар.

– Мен кейде осы тақырыпта ойланамын. Рас, қазір кітап оқуға сұраныс төмендеп кеткені жасырын емес. Десе де, көпшілік сапалы жазылған дүниелерге қызығушылық танытады. Оны талай мәрте байқаған едім. Елімізде және өзіміздің өңірде бұл салаға жаны жақын жастарды байқаймын. Оларға қолдау жасалғаны дұрыс. Жазған дүниелерді жариялайтын басылымдар саны аз. Ұзақ жылдар бойы оқырман көзайымына

байқай бермейтін кейбір көріністерді қазақтың ежелден келе жатқан фольклорын қалдыра отырып, жүл-жұмыр шығармаға айналдыра біледі. Қысқасы, автордың өткір әжуа, сыйымды сықағы, мысал-мысықы, қайырымдар мен қағызға қалжыны оқырманды жалықтыра қоймайды.

Қазыбек Әшірбекұлы бүгінге дейін қалың көпшілікке бірнеше жинағын ұсынып үлгерді. Атап айтқанда, жарты ғасырдан астам уақыт бойы қаламынан туған сын-сықақтары топтастырылған «Ұрт пен мұрт» кітабы халықтан жоғары бағасын алды. Сондай-ақ, «Нұр-Астана» баспасынан жарық көрген «Күлкі керуені» кітабы да оқырмандар тарапынан лайықты бағаланды.

Жалпы, әлемде сатира саласы бірнеше жан бойынша кенінен дамып келеді. Өкініштісі, біздің елімізде қазір оған өз деңгейінде көңіл бөлініп жүрген жоқ. Қазекеннің айтуынша, бүгінде жастар арасында бұл тақырыпта

айналған «Ара» журналының өзі бүгінде жарыққа шықпайды. Бұның көптеген қаламгердің қолын байлап жүрген жайы бар. Әлемнің көптеген елдері мен көршілес мемлекеттерде аталған тақырыпта шығатын газет-журналдар саны жеткілікті. Өкініштісі, бізде әзірге осы жағы олқы түсіп тұр, – дейді ағамыз және бір сөзінде.

Өрине, Қазыбек Әшірбекұлының шығармашылығы жөнінде кенінен көсіле түсуге болар еді. Ол кісінің өмір жолында талай игілікті істің ұйытқысы болып жүргенін байқау қиын емес. Өзі қызмет атқарған ішкі істер саласындағы қоғамдық жұмыстарға тұрақты түрде қатысады. Мұндай белсенділігін талай іс-шарада байқадық. Оған қоса көптеген әдеби және мәдени шараларда да өзінің ой-пікірімен бөлісіп, көзқарасын білдіріп жүреді.

Халық сакшысы һәм қаламгерлік жолдың жон арқасында жүрген Қазыбек Әшірбекұлы 75 жасқа толып отыр. Бұл, шын мәнінде, әріптес әлемінің мерейлі шағы.

● ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Жаңақорған ауданының әкімі, руханият жанашыры Руслан Рүстемовтің жарыққа шыға жер-жерге тараған «Жадымдағы жазбалар» кітабы «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы» газетінің редакциясына да келіп жеткен еді. Қазақ руханиятының алып бір шоғыры қанаттанған Жаңақорған жерінің таланттары мен таңғажайып болмысын әйгілейтін әдемі еңбек ә дегеннен оқырманның ықыласына бөленіп сала берді. Шын мәнінде, бұл жазбалардың құрылымдық ерекшелігі бар. Оның сыры неде?

«Жадымдағы жазбалар»



Айтыстың арғымағы, атакты Манап Көкенов туралы ой-толғамдардан басталатын жазба өнер мен мәдениетті, ғалым мен ұстазды, жазушы мен ақынын, халықтың сан түрлі құндылығын, тіпті қарапайым еңбектің қазанын қайнатқан азаматтардың өзін кестелі сөзбен суреттейді.

– Сәттілік шығар, – дейді автор. – Жаңақорған ауданына екі рет әкім болып келдім. Әуелден әдебиетке әуестік бар, соның сарқыты ма, шығармашылық адамдарына деген айрықша көзқарас кеудемді кернеп тұрады. Манап Көкенов туралы толғағанда бағғы көңілдегі сарғайған сағыныш суреті бұлттан сытылып шыққан күндей сәуле шашып қайта оянды. Күнделікті үйден жұмысқа жаяу шығып және кешке қайтқанда мәдениет үйінің жанынан өтемін. Өткен сайын мені бір ой мазалай кетеді: «Неге аудандық мәдениет үйінде атау жоқ?» деген. Сонымен сұрастырып, мән-жайды білдім. Бір кездері ауданда Манап ақынның есімін беру туралы сөз қозғалып, аяғы сырықұйымшақтанып қалыпты. Орамды іс оңынан тумаған екен, сәті енді келген шығар дедім де дереу іске көштім. Сөйтіп 2015 жылдың 17 маусымында «Манап Көкенов атындағы мәдениет үйі» деген атау өмірге келді...

«Жадымдағы жазбалар» тап осы біз айттып отырған жолдардан елдік мүддеге құрылған ой орамдарынан өзек салып жүре береді. Сырдың қайбір құйқалы жері болмасын таланттан кенде емес ғой. Ал, олардың ішінде Манаптай дүлдүлден жазба жорғалатып, оның сарынын Адырбек Сопы, Әмір Мәжитов, Бексұлтан Байкөкенов, Төлепберген Әбдірашев, Нұрберген Тастаев сынды ардақты есімдермен қатар тұлғалық тұғыры биік Бірлесбек Алияров, Жандарбек Мәлібеков, Әбуләлі Баешов, Амангелді Саданов, Жолтай Әлмешұлы, Хазіретәлі Тұрсын, Зинабдин Шермағамбетовтермен өрісті ете түсу туындының толымдылығын танытады.

Талантты жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тынымбай Нұрмағамбетовтың алғы сөзімен тұсауы кесілген кітап жүректен шыққан есті естеліктерге толы. Ең бастысы, ондағы қайсыбір ой-толғау тарихты жаңғырту, ұлыларды ұлықтау, алдыңғы буынды ардақтап, кенжелеген істі кенесті көптің талқысына салумен ортақ мүддеге ойнасады.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған туынды жалпы оқырманға арналған.

Қ.НӨРКЕН

«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген ұлағатты сөз бар. Біріміз де ауылда туып-өстік. Бозбала шағымызда біздің яғни, Қазалы ауданындағы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозбен көршілес орналасқан Карл Маркс кеңшары, қазіргі Бекарыстан би атындағы ауылдың көркіне тамсана қараушы едік. Екі ортаны әлденеше шақырым жол, толқыны жағаны ұрған Сырдария ғана бөліп жатқан сол бір іргелі елді мекен бізге алып шаһардай көрінеді. Негізінен күршіс егумен айналысатын қонсыларымызда үй сайын дерлік мотоцикл барын (кеңес өкіметі тұсындағы таптырмайтын көлік) білгенде ішіміз қызғаныштан қыж-қыж қайнаушы еді. Ауыл орталығындағы бір-жар дүкен, бір-екі автолауқанның саудасына үйренген біз Карл Маркстегі қаз-қатар тізілген сауда үйлеріне қайран қалатынбыз.

Sb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

ЕҢБЕКТЕН БАҚЫТ ТАПҚАН

«Карл Маркс совхозының ауқымдылығы, тұрғындар саны көптігі соншалықты бірін-бірі танымайды, қудайы-тойға көше-көшені бөліп шақырады екен» дегенге бір үйде шақырыспа болса, ауылымыз түгел жиналатын біз әрі-сәрі күй кешетінбіз.

Ал Карл Маркстің мәдениет ошағындағы би кеші... ол енді бөлек әңгіме. Мотоциклге мінгесіп барып, таныс-құрдастарды сағалап, би кешіне қатысып көріңіз. Қызылдық жасылды киінген арулары құдды хор қызындай елестейді. Ауылымызға оралған соң өзіңізді біршама уақытқа дейін көкте қалықтап жүргендей сезінесіз. Қысқасы, кейіпкеріміз «Аманбай ахун» қоғамдық қорының президенті, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, бірнеше мерекелік медаль иегері Базарбай Нағыманұлы – сол бұрынғы Карл Маркс, қазіргі

Бекарыстан би ауылының төл перзенті.

Мен Базекенмен тонның ішкі бауындай жақын араласамын деп айта алмаймын. Десе де, өмір жолы екеумізді бірнеше мәрте жүздестірді. Туған ауылым, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздың құрылыс саласына қойма менгерушісі болып жұмысқа тұрған пәтім. Басшыларым бірде Қазалы аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатынан кеншарға қажетті зат әкелуге тапсырма берді. Ауылда өскен, небары 20 жастағы бозбала кімді танып қарқ қылады дейсіз? Жүк машинасына мініп алып, аталған мекемеге жетіп бардым. Баруым, бардым. Бірақ... Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыздың өзге ұлт өкілі екенін көріп, маңдайымнан тер бұрқ ете түсті. Абыройым бар екен. Аузымды ашып үлгермедім. «Директор» деген жазуы бар, дер-



матинмен қапталған есік ашылды да кабинет иесі шықты. Қос қолымды ұсынып сәлемдесіп, қайдан, неге келгенімді асыға жеткіздім. Сөзімді ілтипатпен тыңдаған мекеме бастығы Базарбай Нағыманұлы (аты-жөнін есіктегі тақтайшадан оқып алғаным) бөлмесіне мені ертіп қайта кірді. Тіісті адамдарға тапсырма беріп, келген шаруамды тап-тұйнақтай қылып, бітіріп берді. Мұндай қуанбастан.

Базарбай ағаман ширек ғасырдан соң қайта жолықтым. Бұл сапар облыстық газеттің тілшісі ретінде Бекарыстан би ауылында жаңадан салынып, жамағат игілігіне берілген әулие бабамыз «Аманбай ахун» атындағы мешіттің ашылу рәсіміне қатысу болатын. Алланың жердегі үйі өте керемет салынған екен. Айынағы күн нұрымен шағылысқан еңселі мешіт төңірекке иман нұрын төккендей.

Ауыл азаматтары «Аманбай ахун» қоғамдық қорының президенті, ауылымыздағы көне мешіттің орнына халық тілегіне сәйкес, өз қаржысы және халықтың демеушілігімен 100 адамға арналып, жанадан салынған «Аманбай ахун» мешітінің бас демеушісі Базарбай Нағыманұлы ағамыз» деп

таныстырғанда елең ете түстім. Санама көп жыл бұрынғы өмір жолым жаңа аттаған жас маманға, маған жасаған Базекеннің ағалық жанашырлығы оралды. Алайда ағамыз мені танымады. Мешіттің ашылу салтанатына жер-жерден адам көп жиналды. Ұйымдастыру жұмыстарымен жүгіріп жүрген Базекенмен ашылып, тілдесудің маған да орайы түспеді. Жоғарыдағы оқиғаны ағамыз осы мақаладан оқығаннан кейін бәлкім, есіне түсірер.

Қоғамдағы оқиғаларға сергек қарау, ата қонысын құрметтеп, имандылық шараларына белсене атсалысу Базарбай Нағыманұлының басты қасиетінің бірі. Мұны ағамыздың өмірдегінен пайымдау қиынға соқпайды. Еңбек жолын ата қонысы қазіргі Бекарыстан би ауылында қарапайым жұмысшы-тракторшыдан бастап Қазалы аудандық тұтынушылар одағында есепші, аға есепші, Карл Маркс жұмысшылар кооперациясының басқарма төрағасы, «Коопторг» сауда мекемесінің, Қазалы аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры, Қармақшы аудандық тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы, Жалағаш аудандық шикізат дайындау мекемесінің, Төретам өндірістік сауда бірлестігінің директоры қызметтерін абыройлы атқарды.

Мұнан соң Қазақстан Республикасы Транспорт сақтандыру қоғамы Байқоңыр филиалының, Қазақстан Жүргізушілер одағы Байқоңыр аймақтық филиалының, Байқоңыр қалалық «Nur Otan» партиясы филиалының атқарушы директоры, Төретам стансасы вокзалының бастығы қызметін атқарған Базекен жауапты қызметтерде жүріп марапаттан да кенде болмады.

Ағамыздың есімі көпшілікке іскер азамат, мықты кәсіпкер ретінде де мәлім. Ұл-қыздары, немере-шеберлерінің қызығына кенеліп отырған іргелі әулеттің тізгінұстары Базарбай Нағыманұлы бақтың еңбектен тапқан жан.

Байқоңыр қаласы

Адал еңбекпен өрілген өмір

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Тіршіліктің барлық саласы сияқты құрылыста да қызығы мен шыңығы, қиындығы мен қуанышты сәттер қатар жүреді. Шынында, құрылыс басында кімнің кім екені анық байқалады. Жақсының қайраткерлігі, жанашырлығы бірден көзге түссе, жаманның жалқаулығы мен керітартпалығы да назардан тыс қалмайды. Сол арқылы нағыз қайраткердің тұлғалық кескіні-кейпі қалыптасады. Құрылыстың қазанында қайнап, Сыр өңірінің тарихында есімі алтын әріппен жазылар Орынбек Маханбетов сондай тұлға болатын.

Менің ол кісімен таныстығым 1984 жылы әскерден келіп, «Қызылорда құрылыс тресінің» «Үй құрылысы» комбинатына жұмысқа орналасқанымнан басталды. Орынбек Маханбетов ағамыз сол мекемеде бас инженер екен. Он жылдай уақыт бірге жұмыс істедік. Әрбір нысанға жанашырлықпен қарап, мамандығының қыр-сырын өзінің бес саусағындай білетін жан ретінде облыс орталығындағы қарқынмен жүрген қай құрылыстың да басы-қасынан табылатын.

Ол кезде қалада құрылыс қарқын ерекше болды. Бұрынғы «Западный», «Западный – 1», қазіргі «Ақмешіт», «Мерей» шағын аудандары аумағындағы көпқабатты үйлердің барлығы дерлік сол уақытта салынды. «Үй құрылысы» комбинаты – үлкен мекеме, демалысыз, сенбі-жексенбі күндері де құрылыс алаңында жұмыс қайнап жататын.

Орекен еңбекте қажырлы адам еді. Біз айтқан шағын аудандардың құрылысы жүргізілген шақта есепті еңбек етіп, құрылысшылардың алдының қатарынан көрінді. Шалт қимылдайтын. Бас инженермен деп кенесуде отырмайтын. Мен 1984 жылы шебер, 1985 жылы

құрылыс жұмыстарындағы тікелей басы-прораб, 1986 жылдан уәскае бастығы болып қызмет атқардым. Құрылыс алаңына үнемі келіп тұрмаса да болатын. Бірақ мәселенің байыбын тез аңғаратын ағамыз әрбір сметалық-құжаттық жұбаны мұқият тексеріп, жұмыс сапасына қажетті шаруаларды нақтылап жүретін. Жұмысшылардың жағдайын сұрап, бәрін бақылауда ұстауға тырысаын. Осылайша қашанда қарбаласқан тіршіліктің ортасынан табылатын.

Аянбай тер төгіп, адал еңбегін елінің көркеюіне арнаған құрылысшылар өз қолымен салып жатқан қаланың келешекте көркейген кәсіпкерлеріне әсем шаһарға айналуын армандаған еді. Олар сапалы құрылыс жүргізіп, күні-түні еңбектену мен жоспарды орындауды ойлады. Қызылорда қаласының қарқынды құрылысына белсене атсалысқан Орынбек ағаның қолтаңбасы қаладағы ғимараттарда сайрап тұр десек, артық айтпағанымыз болар.

Ағамыздың ерекшелігі – оның еңбеккерлігі мен кәсібилігі еді. Үнемі білімін жетілдіремін, ізденіспен жүретін. Қашан көрсен деп алдында кітап жататын. Қалыптасқан мінезі – жауапкершілік,



адамгершілік қасиетін еңбекте көрсете білді. Ешқашан «мен мынаны істедім» деп көкірек көтеруді білмеді. Жұмыс бабымен АҚШ-тың үш қаласында болып қайтқан кезінде «Ата-бабамның аяғы тимеген жерді көріп, өмірдің жаңа баспалдағына шыққандай болдым» дегені есімде қалыпты. «Еңбектен бақытымды таптым, жұмыстан қанша шаршасам да істеген жұмысымның нәтижесіне қарағанда кеудемді қуаныш керейді. Қанша жұмыс істеп жүріп демалысқа шығу дегенді білмеймін» деп те сыр ақтарғаны болар.

Орынбек Пірманұлы 1955 жылы Терөзек ауданы Далакөл ауыл советіне қарасты «Жаңа өріс» колхозында дүниеге келген. Ағамыздың шаңырағында сақталған әңгіме – Орекен

отбасының жеті қыздан кейін көрген жалғыз ұлы екен. «Әке – балаға сыншы» дейді дана халқымыз. Әкесі Пірман: «Бұл бала бір жерден шығады» деп ұлының болашағына үлкен үміт артты. 1972 жылы Аққұм совхозындағы №38 орта мектепті бітірді. 1973 жылы Теміртау қаласындағы Карағанды металлургиялық комбинатының жанындағы завод-жұғары техникалық оқу орнына түсіп, құрылыс-инженер мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты. 1978-1981 жылдар аралығында «Облыстық жөндеу құрылысы» тресіне қарасты «Электросантехмонтаж» мекемесінде мастер, одан прораб жұмысында жүріп, асфальт-бетон зауытының құрылысын салып, пайдалануға берді. 1981-1984 жылдары «Қызылорда құрылыс тресінде» бөлім бастығы, 1984-1998 жылдары аталған тресттің «Үй құрылысы» комбинатында бас инженер болып қызмет атқарды. Осы уақыт аралығында елуден астам көпқабатты үйдің құрылысын салып, I-335 АУ сериясын жаңа 97-сериясына қайта жаңғыртып, қуаты жылына 100 мың шаршы метр «Үй құрылысы» комбинаты құрылысын басқарып, өндірісті тоқтатпай іске қосты.

2001-2005 жылдары «Маханбетов» ЖШС директоры, «Промстройпроект» ЖШС облыстық филиалының директоры, 2008-2009 жылдары «Промстройпроект» ЖШС аймақтық директоры, 2009-2021 жылдары «Промстройпроект» ЖШС директоры қызметтерін атқарды.

«Промстройпроект» жобалау институтына басшылық жасай отырып, Қызылорда қаласында қонақ үй кешендерін жобалап, құрылысын салды. Елбасының тапсырмасымен жүзеге асқан

«100 мектеп, 100 аурухана», «Ауызсу», «Ақбұлақ», бағдарламаларын орындауға қатысып, 20-дан астам ғимараттың жобалау жұмыстарын жүзеге асырды. Еліміздің 50-ден астам елді мекеннің, 5 аудан орталығының, Ақтау қаласындағы халықаралық «Кендірлі» демалыс орнының бас жоспарын жасады. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы мен №3 қалалық оқу ғимараттарының арқайсы өмірде өз орындарын тапқан жандар, бүгінде әртүрлі салада қызмет етеді.

Орынбек Пірманұлымен кейінгі жылдары отбасымызбен араластық. Елордада тұрған кезде жиі баратынымын. Отбасы, бала-шағасы, ағайын-туысқа бауырмал, досқа адал, ер азаматқа лайық мәрт мінезді ағамыз жары Зинамен үш қыз, бір ұл тәрбиелеп, өсірді. Шаттығы жарасқан үлгілі отбасында тәрбиеленген ұрпақтарының арқайсы өмірде өз орындарын тапқан жандар, бүгінде әртүрлі салада қызмет етеді.

Жаңы жайсаң, мейірімді және елгезек азамат Орынбек Пірманұлының адал еңбекпен өрілген өнегелі ғұмыры – бүгінгі жас ұрпаққа үлгі, пәрзенттері үшін үлкен мақтаныш.

Еңбегімен елге танылған, игі істерімен көп құрметке бөленген, өміріндей небір бел-белесінен белі бүгілмей өткен құршы қолды құрылысшы ағамыз 4 тамыз күні 66 жасында дүниеден өтті. Маңгілік өлмеудің жалғыз жолы халыққа қызмет ету екенін дәлелдеген қайраткер тұлғаның есімі ел есінде, болмысы жүрегімізде сақталып қала бермек.

Абзал ЕРА.ШЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

ӘЙГІЛІ ХАТҚА – 100 ЖЫЛ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлын қабылдағанын «Сыр бойы» газетінен (10 қараша 2020 жыл) оқып білдім. Эколог-жазушы аймақ басшысына Арал теңізіне Сырдариядан түсетін судың тапшылығымен қатар, 1921 жылы Поволжье мен Ресейдің құрғақшылық кезінде аштықтан зардап шеккен халқына көмек көрсету мақсатында Арал балықшыларының 14 вагон балық жөнелту тарихи оқиғасының 100 жылдығына орай ғылыми-танымдық конференция өткізу, кітап шығару және ескерткіш орнату туралы ұсыныстарын да жеткізген екен.

Мен «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде 25 жыл, яғни ширек ғасыр (1966-1991 жылдар аралығында) Арал мен Қазалы аудандарындағы меншікті тілші қызметінде жүріп, сондағы жанкештілікпен еңбек еткен қариялардың бірсыпырасымен көзбе-көз кездесіп, көрген-білгенін өз құлағыммен естіп, айтқандарын ешбір қоспасыз баспасөзде жариялағандарым бірі едім.

Естеріңізде болса, пролетариат көсемі В.Лениннің Арал балықшыларына жолдаған хаты: «Қымбатты жолдастар! Сіздерге бүкіл Еділ бойы және Приуральенің бір бөлігін аса зор бақытсыздық, бұрын-соңды болып көрмеген аштық жайлағаны, өрине, жеткен шығар» деп басталатын еді ғой. Одан әрі: – Астрахань губерниясынан бастап Татар республикасы мен Пермь губерниясына дейін құрғақшылық барлық жерде егінді де, шөпті де түк қоймай күйдіріп кетті. Миллиондаған адамдар, миллиондаған мал қырылғалы тұр және қырыла да бастады. Сіздерде Арал теңізінде, балық аулау жайы жаман емес және де Сіздер онша жаман тұрмайсыздар. Сіздер аулаған балықтарыңыздың бір бөлігін аштықтан ісініп кеткен кемпір-шалдарға, күйзелген 8 миллион еңбеккерлерге, ең ақыры бәрін де бұрын қырылып кетуі мүмкін 7000000 балаға беріңіздер.

Қымбатты жолдастар! Арал балықшылары мен жұмысшылары, жомарт көмегіңізді аямаңыздар. Сіздер тек адам арына тиісті іс істеп қана қоймай, сонымен бірге сіздер жұмысшы революциясының ісін нығайтқан боласыздар.

Міне, халық комиссарлары Советінің председатели В.Ульянов (Ленин) осылайша тебіреніп, тарихи хатқа қол қойған ғой! «Апыр-ай, ә! Пролетариат көсемі жүрежарды жанайқайлы өтінішті айтып және қайда хат жазды екен?» деген ойда қалатыны да рас-ау! Әй, жазбаған да шығар, сірә.

Тарихи хаттың жазылған уақыты 1921 жыл, жаңа күнтізбемен қазан айының 7 жұлдызы екен. Ал ол хат Арал балықшыларына қашан жетті, жер-жерге қалай таралды? Сол дүрмекте қосылғандардың есігін қарқанда бұл хат менің қалтамда жүрді. Сұхбаттан бұрын хатты оқып беремін де: «Есіңізде ме, хат осылай оқылды ма?» деп сұрақ қойып алатыным.

Міне, «Бөген» елді мекенінің қамтуындағы теңіз іргесіндегі «Тәуір» қыстағындағы Есен Сүлейменов және Сағындық Әлімбаевпен әңгіме үстінде:

– Сіздерге Ильич хатын кімдер оқып берді? – деген сауалыма олар:

– Гриша Дубовик деген ауылдық кеңестің хатшысы бар-ды. Соның жанында жоғарыдан келген қараторы, мөлдір қара шашты, жап-жаз қазак жігіті жүрді. Хатты сол оқыды. Әрі егжей-тегжейлі түсіндірді. Сонда Құлекешов Өтеп қолын көтеріп:

– Онқұнді табысымды беремін, жарай ма? – деді.

– Өткен онқұндікте промсл ұстаған байларға қанша балық тапсырып едің?

– Балық қабылдаушы Ескендір 21 пұт деген-ді.

– Әй, Өтеп, – деді Сыдық Жайсаңбаев, – 21 пұт дегенді 1,5 центнердің о жақ-бұ жағы ғой, үлкен кісі қолқа салған екен, сарандық жасамайық, тұтас бір айлық



табысымызды берейік. Солай деп жаз шырағым, – деп әлгі қараторы жігітке қарады. Ол болса:

– Осыған келіссөздер ме? – деп және сұрады.

– Келісеміз, уәде осы, – деді бәрі де.

– Рақмет, ағалар! Ергеннен бастап «Бөгеннің» басындағы флотка әкеле беріндер. Балық қабылдаушы дайын отыр, – деді де, аттарына мініп келесі ауылға жүріп кетті.

– Ол уәкілдің аты-жөндерін білдіңдер ме?

– 1967 жылы Досқали Измағамбетовпен Шымкентке барғанда, кездестім деді Сағындық ақсақал, арада 46 жыл өтсе де таңымды, аты-жөні Бисенғали Өтепов екен, менің Аралдан екенімді білгенін сол тұстағы Арал балықшыларының жомақтығын, жанқиярлық еңбегін жыр ғып айтты. Күндік үнемдерін бірде тауып, бірде таппай отырса да, тілсіз табиғаттың ояар мінезімен күн сайын бетпе-бет келіп, арпалысып жүрсе де, соншама қиналыспен тапқандарын ақы-пұлсыз еш қабақ шытпай, бере салды, – деп бірсыпырасының есімін атады. Ұмытпаған екен.

– Ал, қызмет жайын, үй әдірісін білмедіңіз бе?

– Жо-қ, өзі 1941-1945 жылдардағы соғысқа қатысып, бір қолынан айырылғанын жас кезінде комсомолда істегенін, айтпақшы, осы Аралда тұратын Қани Шектібаевпен бірге балалар үйінде тәрбиеленгенін де айтты отырған-ды...

Содан Қани Шектібаев ағаға жүгірейін. Ол кісі көп жыл басың қызметте болған. Соңғы жылдары балық зауытында директорлық етті. Аса ескерімді кісі-тұғын. Бірақ қарттық жөніп, есту қабілеті тым нашарлап кеткен екен. Сонда да Өтепов Бисенғалимен 1921-1924 жылдары Қазалы қаласындағы балалар үйінде бірге оқығанын, Ғ.Мұратбаевтың ара-тұра келіп, олардың бір-жарын үгітшілікке жеккенін еске алды. Ал Бисенғалидың «Бөген» ауылына барып, В.Лениннің хатын оқуы әбден мүмкін. Өйткені, ол хат Қазалыдағы баспаханада көбейтілді. Және Бисенғали менен 5-6 жас үлкен, ересектеу еді. Кейін облыстық комсомолда абыройлы қызмет етті» деді.


Бисенғали Өтеповті өзім де сұрау салып ізестірдім. Бірақ ол XX ғасырдың жетпісінші жылдары қайтыс болыпты. Қолыма тек суреті түсті (оны осы мақалаға қоса жолдап отырмын).

мақалада Дүйсен Пірекешов қария бай депті: «Мен өзі балық аулауға он алты жасымда шықтым. Әлі есімде, он адам бірігіп, бір жылым жүргіздік. Оның құрамында Жүсіп Тәшебаев, Дүйсенбай Жұбанов, Қалмағамбет Жұбанов және Тұрғанбай Нұсқановтар болды. Айта берсем көп ғой. Тек есімде сақталғандарын айтып жатырмын. Жылымның биі де, маманы да, үлкені де осы Нұрқанов еді.

ды, шанаға теңізден жылым шығаруға жетілді, келе-келе «Дүйсен інген» атанып көпке мәлім болды.

Арал балықшыларының табиғат дүлеймен алысып, 1921 жылдың 25 желтоқсанында: «Қымбатты Владимир Ильич Ленин, Арал бассейнінің балықшылары 14 вагон шикі балық жөнелтті. Бұған «Бөген» балықшылары ерек-

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ ҒАЖАЙЫШ ҮЛГІСІ



Суретте: Б.Өтепов

Жұрт «Түреке, Түреке» деп алдынан кесе өтпейді. Жылымды «Қарашалан» көлінің «Қарақос» майлығынан тартқанбыз. Жылым шонтайғы (тор қап) балыққа бөгіп қалды. Қуанып жатырмыз. Әсіресе алғашқы қадамының сәтті басталғанына мен секіріп-секіріп жібердім. Балықты «Бөгендегі» орыс байларына өткізіп, азық-түлік алады екенбіз. Бұл жолы олай болмады.

– Ау-у, неге?

– Енді айтқайың да. Бізден балықты Нарке деген жуан қара қабылдайтын. Сол жылым майланғанын мені атына мінгізіп «Бөгенге» жұмсады. «Біздің үйден екі пұт қрандер екем» деп қағазға жазып берді. Екі пұт қрандерді атқа тендеп, жылым басына келсем, маған бейтаныс екі жігіт отыр. Олардың әңгімесін жылымшылар ұйып тындап қалыпты. Өзіме жақын отырған Дүйсенбайдан: «Бұлар кімдер?» деп сұрадым. Ол еңкейіп құлағым: «Мәскеудегі ақ патша бізге арнап хат жолдапты» деп сыбырлады. Бұл сөзді әліңгің бірі, қара шашты, ұыздай жас жігіт естіп қалса керек: «Ол патша да емес, бай да емес, халықтың қамын ойлаған күрескер, есімі Ленин» деп түсінік берді.

– Осы жылымдағы балықты түгел өткізсек бола ма? – деді Тұрғанбай Нұсқанов.

– Көпті көп демейміз, азы аз демейміз, әркім өз әліңше үлес қосса болады, – деген жауап алды.

– Онда осы шонтайғы балықты түгел бердік. Осыған келісетіндерің қол көтер, – деді Түрекең жанындағыларға.

Бәрі де қосылды. Мен де қол көтердім.

– Шонтайғыда балық қанша салмақ тартты?

– Ертеңіне-ақ түйе керуені келді. Біз әлі сүзіп үлгермеген едік. Кейін бес жүз (500) центнерден артық болмаса, кем емес дегенді құлағым шалды.

– Жездеке, тым асырып жіберген жоқсыз ба?

– Әй, балдыз, – деді ол күліп, – мен 1904 жылымын ғой. Сексен жасты арқа тастадым, енді отірік айтып күнәһар бола алмаймын. Өзің де балық аулаудың, мың метрлік жылымның шонтайғына 500 центнер емес, 1000 центнер сияқтының да білесің. Содан кейін артельге мүше болдым. Колхоз ұйымдасты, оған бір інген қостым. Сол қоғамдық мадндың алды бол-

ше белсенділікпен қатысты» деп Арал Советінің председатели Т.Медетбаевтың Мәскеуге телеграмма жолдағаны оқырман қауымға таныс болар.

2016 жылдың 9 маусымынан бастап облыс аумағына тарайтын «Құрылтай» қазіргі «Арал әлемі» газетінде «Әйгілі хатқа – 95 жыл» деген айдармен В.Лениннің хатына іспен жауап берген қариялардың суреттері жасалды. Бұл бөлімді осы күнге дейін жүргізіп келемін. Айталық, сол айына төрт рет жарық көретін «Құрылтайдың» 2016 жылдың 9 маусымдағы 23 нөмірінде екі қарияның суреті берілгенде төменгі жағына: «Сонау қиын-қыстау 1921 жылдары В.Лениннің хатына орай аштыққа ұшыраған халыққа қайырымдылық жасап, жомарттық көрсеткен аталарымыздың суретін беріп отырмыз. Ұрпақтары болса, көрген-білген, естігендерін редакцияға жазып жіберуін сұраймыз» делінген. Ізін ала хаттар келе бастады. Балалары, немерелері республиканың түкпір-түкпірінде жүр екен. Көпшілігі бір ортаға жиналып, кездесу өткізуді ұсынды.

Алғашқы жиналыс, танысып-білісу 2016 жылдың 25 желтоқсанында өтті. Оларды сол кездегі аудан әкімі М.Оразбаев қабылдады. В.Лениннің Үндеу хаты жазылған тақтаның алдында жиын өтті. Онда аудан әкімі алаңға жиналған халыққа тәуелсіздіктің 25 жылдығы тұсында атқарылып жатқан «25 жыл – 25 белес» шарасы аясындағы істер жайында баяндады. Содан кейін 1921 жылы В.Лениннің хатына лайықты үлес қосқан аталардың ұрпақтары сөз алды. Іс-шара 2015 жылы Т.Медетбаевқа қойылған бюст жанына барумен жалғасты. Айтулы кәсіпкер Ақыл Сәдуақасова бастаған демеушілердің қолдауымен «Ақниет» мейрамханасында ата-бабаларға арналып ас берілді.

Енді «Арал әлемі» (редакторы Е.Абдулла) газетіне оралсақ, бүгінге дейін «Әйгілі хатқа – 95, 96, 97, 98, 99 жыл айдарымен 24 нөмір шықты. Осы хатқа орай балық аулап, жөнелткен 71 қарияның суреттері мен олардың ұрпақтарынан 83-нің суреттері мен сөздері берілген. Олармен байланыс әлі күнге сол қалпында. Бұл – ашқұрсак, ақкөңіл, қолы ашық, қонақжай бабаларымыздың маңдай терімен иленген жанкешті тарих еді. Әдетте, қайырымдылық пен қолдауды аukatтылар жасайды. Ал өзі бірде үнемі тауып, бірде үнемсіз, бала-шағасы ашқұрсак, жалаңаш отырып, ашаршылыққа ұшыраған жұртқа өз нәпақасын ақы-пұлсыз бере салған халықты естіп, білдіңіз бе? Әй, естімеген де шығарсыз-ау! Сосын да ата-бабалардың бұл ісін қайырымдылықтың ғажапайып үлгісі ретінде мақтан етеміз. Ал бүгінгі ұрпақтың оны оқып-біліп, көңілге түйюі аса маңызды.

Шәкірат ДОРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер.

Арал қаласы

● МЕРЕЙ

Көзкөргендер естелігі

Қызылордадағы «Тұмар» баспасынан жазушы, журналист, елу жылдан аса облыстық «Сыр бойы» газетінде еңбек етіп, зейнетке шыққан Қайырбек Мырзахметұлының 85 жасқа келген мерейтойы қарсаңында «Көзкөргендер» атты кітабы жарық көрді.

Авторды «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманжол Оңғарбаев бастаған қаламгерлер қауымы құттықтады.

Баспа нарығында ширек ғасырлық тарихы бар «Тұмар» баспасы қолына қалам ұстаған азаматтарды қуанту, жазған дүниелерін жарыққа шығару бағытында жұмыс жасауда. Бұл жоба арқылы оқылды кітап пен оқырман арасын жақындату мәселесі шешілсе деген оймыз бар. Соның бір нәтижесі – сіздің бүгінгі қуанышыңыз. Қолына қалам ұстаған

жандардың кітаптарын мұмкіндігімізше тегін, болмаса арзан бағада шығарып беріп жүрміз. Ең үлкен мақсатымыз – әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған қаламгерлер қауымын қуанту. Қазір бірі 90-нан асқан, бірі 90-ға жетіп қалған екі үлкен ақсақалымыз әлі тұғырынан түспей, жазып жүр. Оның бірі – Шәкірат Дәрмағамбетов ағамыз, екіншісі – Қайырбек Мырзахметұлы. Мерейлі жасыңыз құтты болсын! – деді Аманжол Сақыұлы.

Өз кезегінде қаламгер баспа ұжымына алғыс білдірді. – Сексеннен астам да әлі күнге қолымнан қаламымды



тастамадым. Оқырманның талабы бөлек. Оншақты газет аламын, астын сызып оқып отырамын. Талпынып, әлі де заман ағымына ілесіп жазсам деймін, – деді автор.

Қайырбек Мырзахметұлы осы күнгі «Қоғалық» ауылында дүниеге келген. Журналист «Сыр перзенті»,


«Менің бабаларым», «Ағалар салған жол», «Сырда туып, Сырда өстім», «Аманат» атты кітаптардың авторы. Оқырман қауымға жол тартқан «Көзкөргендер» атты жана кітап автордың әр жылдардағы көзкөргендердің әңгімелерінен жинақталған.

«СБ» ақпарат

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін ОҢАЙ, ҮЙҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ



1 000 000 ТҒ ДЕЙІН

Қызылорда қ., "Принт" баспаханна ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

Все подробности на сайте everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09 21 0005 М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

БАЙҚАУ

Облыстық «Сыр бойы» газеті мен Қ.Әбенев атындағы қоғамдық қоры ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Қалқабай Әбенев атындағы «Тәуелсіздік толғауы» атты шығармашылық байқауын жариялайды.



тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылуы, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жана әдістерді қолдануға енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, syrboyi@yandex.kz электрондық поштасына мынадай құжаттарды қоса жібереді.

– Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

– жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті.

– байқау материалының қағаз нұсқасы және бейнетаспа.

Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі. Байқау үш кезеңнен тұрады:

– 2021 жылғы 10 қыркүйек пен 14 қазан аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

– 2021 жылғы 15-20 қазан аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

– 2021 жылғы 25 қазанда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары Қалқабай Әбеневтің ұрақтары атынан бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Газет материалдары бойынша:

I орын – ноутбук

II орын – смартфон

Телевизиондық материалдар бойынша:

I орын – телевизор

II орын – смартфон

Блогер, журналист-фрилансерлерге:

I орын – ноутбук

II орын – смартфон

Ұйымдастыру комиссиясы

Қазір баланы балабақшаға апарарда ата-ана алдын ала таңдау жасайтыны рас. Өйткені, көп уақытын жұмыста өткізетін үлкендердің бала тәрбиесінде бірден-бір сенетін адамы – тәрбиеші. Жұырда қала тұрғыны немерелерінің бәрі №5 «Шаттық» балабақшасында тәрбиеленгені, ондағы білім сапасы, мамандардың қамқорлығы туралы сөз қозғалды. Сөзінен құрмет пен риясыз алғысты аңғардык. Ал, балалар мекеніне барғанымызда, айтуының бекер емесін бірден-ақ түсіндік.

Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Бар мейірім балаларға

Балабақша ауласына кіргеннен-ақ түрлі-түсті гүлдер мен жеміс ағаштары, тіпті әр жерден ертегі кейіпкерлері қарсы алды. Анықтап қарасаң, мұндағы қолтырауын мен үш басты айдаһар, керік пен күшкістердің ағаш діңінен жасалғаны байқайсың. Бала түгелі ересектер қызығып қарайтын бұл аумақта жүзім, шие, алма, алмұрт ағаштарынан бастап танқурай, итмұрын бұталары, жалпы 70-ке жуық өсімдік түрімен танысасың. Табиғаттың мұндай сыйын көріп өскен сәбилердің әдемілік туралы ұғымы қалыптасатыны рас, бір жағынан оларға арнап жеміс тосаптары, сусындар жасалады екен. Ал, жалбызды кептіріп, балаларға арнап қыста шай әзірлейді. Тіпті, оларды сақтауға арналған жергөле де бар екен.


Балабақшаның тағы бір ерекшелігі, мұнда айрықша күтімді қажет ететін, яғни көру, есту, сойлеу мүсікі бар балалар да оқытылып тәрбиеленеді. Көтеріп кіргізген баласының бір айдан кейін жүргенін, өзгелермен мүлде араласпайтын, қырығып жылай беретін аутизм белгілері бар сәбиіңізді партаға отырғанын көрген ата-аналар «Шаттық» балабақшасы туралы жан-жаққа айта бастайды. Көңілі алаң әке мен ананың бұл да бір үміті. Бүгінде мұнда тәрбиеленетін 140 баланың 41-і – ерекше күтімді қажет ететін бүлдіршіндер.

Елу жылдық тарихы бар балабақша 1972 жылы ашылған. Менгеруші Гүлден Жантасқызының айтуынша, денсаулығы нашар балалар «Психологиялық-педагогикалық консультация» мекемесінің жолдамасымен келеді.

– Алғаш жұмысқа келген 2012 жылы мұнда көзі нашар көретін балаларға арналған арнайы бір топ пен көлімігі 5 топ болды. Бірақ, қитарлық, амблиопия диагнозы бар, алыстан көрмейтін балаларға арналған топ, тәрбиешілер

болмады. Сондықтан ол балаларды бір топқа жинақтадық. Арада біраз уақыт өткеннен кейін мұның дұрыс еместігіне көзіміз жетті. Өйткені, балаларды топтастырған кезде денсаулықтарының нашар екені айқындалып, көзге көрінді. Сондықтан мұндай бүлдіршіндерді көлімігі топтарға өз жасына қарай тарату керек, арнайы мекеменің жолдамасымен келген балақайлар тегін қабылданады. Аутизмнің ауыр түріне шалдыққан балалар педагог-тьютер қадағалауында болады. Өйткені ондай балалар көпшілікке қосылған кезде агрессия көрсетіп, шыңғырып, өзінен-өзі тұйықталып кететін көрінеді. Ал, көзі қыли балаларға өте қымбат тұратын «Синоптофор» аппараты алынған. Себебі, мұндай балалардың көзі екі бағытқа қарайтындықтан, алдындағы жолын көрмейді. Мамандардың міндеті көздің кемшілігін ретке келтіру. Сондай-ақ, зағип балалар үшін жан-жақтан Брайль әліппесі де жинақталған. Ең бастысы, бүгінде ерекше күтімді қажет ететін балалар балабақшадан кейін бірден мектепке қабылданады. Ішінде арнайы интернатқа кеткені бірен-саран.

– Қалыпты балалар мен ерекше күтімді қажет ететін балаларды бірге тәрбиелеуді басты мақсатымыз – әлеуметтендіру. Басқа балалар сурет са-



Суреткері: Мүсіреп Нұрболтаев

лып жатқанда олардың да сурет салуы, бірге тамақтануы, наным өзі алып жеуі, орындығын жылжытып әкелуінің өзі нәтиже. Әсіресе жанындағы балалармен тіл табысып, бірге ойнауына қатты көңіл бөлінеді. Егер мұндай қабілеттерін жетілдірсе, олар мектепке барғанда қиналмайды, – деді Гүлден Жантасқызы.

Айталық, 5 жастағы Азатты балабақшаға ата-анасы көтеріп кіргізген болатын. Жерге қойса, тек аяқ ұшымен тұрып, алға қарай бір қадам да баспайтын. Бір айда мамандар баланы өз бетінше жүруге үйретті.

Ал, биыл церебральды сал ауруы, аутизм диагнозы бар бірнеше бала катарластарымен бірге орта мектеп табалдырларына аттады. Аутизм белгісі бар Айка балабақшаға келгенде бөлмесінен шықпайтын болса, бүгінде ол таппақ айтуы үйренген. Тағы бір баланың тұйықтығы сондай, үнемі керу-еттің астына тығылып, тек өзімен-өзі ойнай беретін болса, қазір ол бұрынғы қалпынан шығып, басқалармен бірдей партаға отырды.

– Ал қалыпты балаларымыз өздерінің әлсіз достарына көмектесе алғанына марқайып қуанып жүр. Тіпті, таласып қалады «мен қасында отырамын», «мен қолынан ұстаймын» деп. Болашақта бұл балаларымыз адамгершілігі мол, ата-анасына мейірімді, Отанын сүйетін азамат болатынына сенімдіміз мол, – дейді балабақша менгерушісі.

Байқап отырсақ, аз жылдың ішінде жоба өз нәтижесін бере бастаған. Балабақша менгерушісі жыл сайын мұндай балалардың көбейіп жатқанын айтып, бұл жобаны облыс, республикаға таратса, қанша сауапты іс атқарылар еді деді.

Расымен де, инклюзивті білім мен тәрбие жүйесі баланы қоғаммен жақындастырады, тәртіпке бағындырады. Қоғам да барлық адамға тең қарауды үйренеді. Осындайда мына ән еске түседі: «Сәбидің бәрі бақытты болу үшін жаралған». Ал сәбидің бақыты үшін көмектесу – біздің, сіздің, қоғамның міндеті.



Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 21 сәуірінде қайтыс болған азаматша Егембердиева Гулжан Утеулиовнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 7 тамызында қайтыс болған азамат Жунисов Елубай Глеубергенович атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

Облыстық ішкі саясат, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармаларының ұжымы басқарма басшысының орынбасары Нұрсамалыра Алмағұл Рахманбердіқызына жолдасы

Қожагелдиев Сәндібек Назарұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.